№5-6 (60) 2023

# Мектеп ҰСТАЗДАРЫНЫҢ әлемі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ



# "Арт-терапия негіздері" оқыту бағдарламасы. 1 модуль. "Арт-терапияға кіріспе"



Соңғы жылдары елімізде психотерапия мен оның әдіс-тәсілдері, үлгілері қарқындап дамып келеді. Оның ішінде арт-терапиялық әдістер психотерапияның түрлі бағытында жұмыс жасайтын мамандарды ғана емес, сондай-ақ психологияға, өнерге, мәдениеттануға, және өзінің немесе жақынының мәселесін өз күшімен шешкісі келгендерді де қызықтырады.

**Арт-терапиялық оқыту мыналардан тұрады:**

· Әлеуметтік, мәдени, саяси және институционалдық контекстермен тығыз байланыстағы өз алдына дербес психотерапиялық бағыт ретінде;

· Арт-терапияны белгілі бір теориялық көзқарастар жүйесі мен эмпирикалық жинақталған тәсілдер негізінде біріккен мамандар қауымымен байланысты кәсіби қозғалыс ретінде қабылдау;

· Арт-терапияның түрлі емдік-түзету факторларын талдау;

· Әрқайсысы көркемдік экспрессияның қарқынын, клиенттің мінез-құлқын және оның психотерапевтпен қарым-қатынасын бейнелеп, бір-бірінен туындайтын арт-терапиялық үдерісті сипаттау;

· жеке арт-терапия, топтық арт-терапия және арт-терапиялық топтың ерекшеліктерін сипаттау.

**1 модуль мазмұны**

· Арт-терапияның анықтамасы

· Негізгі ұғымдар. Арт-терапияның тұжырымдамасы.

· Арт-терапия тарихы

· Арт-терапиядағы психотерапиялық ықпал етудің негізгі факторлары

· Арт-терапиялық процесс және оның жүйелі сипаты

· Арт-терапиялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері

· Арт-терапияда қолданылатын құралдар және олардың ерекшеліктері

**Бағдарламаның ұзақтығы:** бағдарлама 6 модульдан тұрады (барлығы 96 сағат). 1 модульдың ұзақтығы – 16 сағат. Оқыту реті: екі айда бір рет.

**Сертификаттау:** қатысушыларға әрбір өткен модуль үшін сағаттары көрсетілген оқыту сертификаты беріледі.

**Бағдарлама аудиториясы:** психологтар, педагогтар, әлеуметтік педагогтар, логопедтер, адаммен тікелей жұмыс жасайтын мамандар, өз өміріне тиімді өзгеріс енгізгісі келген кез-келген адам.

**1 модульға қатысу ақысы:**

· 39900 тг.

· Бағдарламаға кез-келген модульдан қосылуға болады.

**Жеңілдіктер:**

· Сіз арқылы келген әр қатысушы үшін 5% жеңілдік аласыз!

· Алдын ала онлайн төлем арқылы жазылсаңыз 15% жеңілдік беріледі.

**Қатысу форматы:**

· онлайн

**Тренингке қатысушылар алдын ала дайындап қоюы керек заттар:**

· Сурет салу парақтары, акварель, акрил, гуашь бояулары, пастель, қылқаламдар, фломастерлер, басқа да изоматериалдар.

**Бағдарлама тренері:**

· Жаңагүл Амантайқызы Қайырова, әлеуметтік ғылымдар магистрі, психолог, тренер, арт-терапевт, денеге бағдарланған психотерапия маманы, когнитивті-мінез-құлықтық психотерапия маманы, оқытушы.

**Өту орны: Zoom қосымшасы**

· Орталықтың мекен-жайы: Астана қаласы, "Евроцентр" БО, Сығанақ көш., 47, 1214 каб.

· Басқа қалаларда офлайн (Алматы, Қарағанды, Шымкент, Ақтау, Атырау, Қызылорда, Өскемен, Семей) өткізу орындары тренинг өтер алдында хабарланады.

Байланыс: uilesim.kz

news@uilesim.kz

+77771461414, +77172420589

Қатысу үшін алдын ала жазылыңыз!

# Мектеп ҰСТАЗДАРЫНЫҢ әлемі

**№5-6 (60) 2023**


## МАЗМҰНЫ
## СОДЕРЖАНИЕ


**Айтимбетова Мария** «Развитие поисково-познавательной активности дошкольников в элементарной исследовательской деятельности»........................2
**Алменова Зулфия Суйеубаевна** Жануарлар әлемі. The animals of world........................3
**Арманова Айдана Арманқызы** Қазақстанда минералды ресурстардың таралу заңдылықтары........................4
**Асқанбай Ғанима Байболатқызы**
Қалай дұрыс тамақтану керек?........................7
**Байденес Алтыншаш Орынбасарқызы**
Үшбұрыштар теңдігінің бірінші белгісі........................11
**Бақтыбаева Нұржамал Шәкірқызы** «Мақта қыз бен мысық». ертегісін сахналау........................12
**Бекмагамбетова Асима** Жас Мұхтар. Ахмет Әуезов........................13
**Жаксыбекова Айгерим** «Дене мүшелері»........................16
**Камзабекова Асемкул Жакатаевна**
А.Құнанбаев «Сабырсыз, арсыз, еріншек»........................17
**Кенжекулова Ляйла Айтбековна**
Менің ауылым - Сарыкемер........................19
**Қазиева Ақмарал Елеуқызы** Үйсіндер........................20
**Қонысова Нұргүл Дарханқызы** Teens and Exercise........................21
**Қуанышева Гүлфайруз** Қуанышқызы Қиялдауға тән кейбір ерекшеліктер........................23
**Сағит Каусар Куандыкова Асель Булатовна** Ұстазыма.....26
**Оспанова Н.К.** "Қобыз аспабында қолданылатын штрихтар" А.Жұбанов "Көктем "........................27
**Сыздықова Актолқын Борашқызы**
Біздің кафеде. Буын........................28
**Тусупова Махаббат Аманжоловна** Лэпбук – мектепке дейінгі білім берудің тиімді технологиясы........................30
**Саворовская Марина** «Размножение. Рост и развитие».........32
**Избасарова Дина Рашидовна** Слова с буквой Ш ш........................34
**Муслиманова Анар Амангельдыевна** Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Облыстық балет мектебі» КМҚК-ның 2022-2023 оқу жылына арналған жаздық алаңның есебі........................35



**«МЕКТЕП ҰСТАЗДАРЫНЫҢ ӘЛЕМІ»**
**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ**

**№5-6 (60) 2023**
**Мамыр, маусым –**
**май, июнь**

**РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ «МЕКТЕП ҰСТАЗДАРЫНЫҢ ӘЛЕМІ»**

**2015 жылдың қаңтар айынан шыға бастады**

Құрылтайшы **«Aspan» ЖК**

ҚР Байланыс және ақпарат агенттігінің мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы №14440-Ж куәлігі 03.07.2014 ж. берілген
Жазылу индексі: 74806

**Бас редактор**
**Самал ҚАЙЫРОВА**
**Дизайнер**
**Гүлнұр ЖАДЫРАНОВА**

**Біздің тұрағымыз:** 050054, Алматы қаласы, С.Сейфуллин көшесі, 511 үй, 2 пәтер
Тел. +7 7014797939, +7 7478390346

**Эл. пошта:** admin@ustazdar-alemi.kz
Басуға 12.06.2023 ж. қол қойылды.
Офсеттік басылым
Таралымы – 2000
Индексі – 74806

Баспа үйі - Типография
ЖШС ТОО “Print House Gerona”


**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**

«Мектеп ұстаздарының әлемі» басылымы Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері ұстаздарының озық педагогикалық білімін таратуға және алмасуға бағытталған. Журнал мұғалімдер шығармашылығын бөлісуге арналған алаң болмақ, мұнда олар өз мақалалары мен жаңа идеяларын ұсынуға, пайдалы нәрсе білуіне, білім-ғылым саласындағы пайдалы көздерге сілтеме алуына болады.

**УВАЖАЕМЫЙ ЧИТАТЕЛЬ!**

Данное издание направлено на распространение и обмен передовым педагогическим опытом педагогов общеобразовательных школ Республики Казахстан. Журнал призван стать открытой диалоговой площадкой для учителей, где можно представлять свои статьи, новые идеи, узнать что-то полезное для себя, получить ссылки на полезные ресурсы.

# «РАЗВИТИЕ ПОИСКОВО-ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ ДОШКОЛЬНИКОВ В ЭЛЕМЕНТАРНОЙ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ»

**Айтимбетова Мария**

*"Скажи мне - и я забуду, покажи мне - и я запомню, дай мне сделать - и я пойму"*
***Конфуций***

Работая в дошкольном учреждении, я всегда стремилась искать новые подходы для интеллектуального развития дошкольников. Интенсивное изменение в окружающей жизни, активное проникновение научно-технического прогресса во все его сферы диктуют педагогу необходимость выбирать более эффективные средства обучения и воспитания. Одним из перспективных методов, способствующих решению данной проблемы является детское экспериментирование.

В 1990 годы профессор, академик Академии творческой педагогики РАО Н.Н.Поддъяков, проанализировав и обобщив свой богатейший опыт исследовательской работы в системе дошкольного образования, пришел к заключению, что в детском возрасте ведущим видом деятельности является экспериментирование.

Главное достоинство метода экспериментирования заключается в том, что он дает детям реальные представления о различных сторонах изучаемого объекта, о его взаимоотношениях с другими объектами и со средой обитания. В процессе эксперимента идет обогащение памяти ребенка, активизируются его мыслительные процессы, так как постоянно возникает необходимость совершать операции анализа и синтеза, сравнения и классификации, обобщения и экстраполяции. Необходимость давать отчет об увиденном, формулировать обнаруженные закономерности и выводы стимулирует развитие речи.

Следствием является не только ознакомление ребенка с новыми фактами, но и накопление фонда умственных приемов и операций, которые рассматриваются как умственные умения.

Дошкольникам присуще наглядно-действенное и наглядно-образное мышление, поэтому экспериментирование, как никакой другой метод, соответствует этим возрастным особенностям. В дошкольном возрасте он является ведущим, а первые три года - практически единственным способом познания мира.

Детское экспериментирование как специально организованная деятельность способствует становлению целостной картины мира ребенка дошкольного возраста и основ культурного познания им окружающего мира.

Творческое познание природы способствует формированию представлений об основных закономерностях природы. В младшем возрасте это изменяемость времен года и зависимость изменений в живой природе (т.е. в жизни растений и животных) от меняющихся условий неживой природы. Для того чтобы научить малышей выделять простейшие связи в наблюдаемых природных процессах, я развиваю у детей представление об отдельных часто встречающихся явлениях неживой природы (осадки - снег, дождь, град, выделяемые свойства песка, воды, утро-вечер, день-ночь и т.д.). А также дети знакомятся с объектами живой природы: комнатными и дикорастущими растениями, дикими и домашними животными. В результате дети приобретают определенный багаж знаний о мире природы. У них возникает познавательный интерес к объектам природы, желание узнавать новое о свойствах вещей, активно исследовать их. Они задают вопросы: «Почему осенью улетают птицы? Где зимой живут жучки и бабочки? Почему снег в комнате тает?» В этом возрасте внимание детей становится более устойчивым, они могут довольно долго наблюдать за животными и растениями.

Сущность наблюдений заключается в чувственном познании природных объектов, через различные формы восприятия - зрительную, слуховую, тактильную, кинестетическую, обонятельную и др.

**Исследуются объекты неживой природы:** песок, глина, снег, камни, воздух, вода, магнит и пр. Например, предлагаем слепить фигурку из мокрого и сухого песка. Дети рассуждают, какой песок лепится, почему. Рассматривая песок через лупу, обнаруживают, что он состоит из мелких кристалликов-песчинок, этим объясняется свойство сухого песка - сыпучесть.

**Экспериментирование с воздухом:** «Поиск воздуха», «Место для воздуха», «Двигаем предметы», «Соломинка – флейта». Эти эксперименты давали детям знания о том, что воздух находится вокруг нас, его можно ощутить, увидеть, проделывать с его помощью ряд действий.

**Экспериментирование с водой** позволило детям сравнить различные состояния и свойства воды, определять разницу холодное и теплое.





«Теплый или холодный», «Игры с кубиком льда», «Почувствуйте стакан», «Что в банке»,

«Помощница-вода», «Поймай льдинку», «Что как плавает?» помогает детям понимать свойства материалов (тонет, плывет, мокнет.)





Экспериментирования с песком давали детям выделить для себя новые свойства песка мокрого и сухого песка. «Найди шарик», «Чистая вода», «Можно ли услышать песок?», «Цветной песок», «Песочные камешки», «Печем печенье».

В заключении мне хочется сказать словами К.Е. Темирязева: «Люди, научившиеся... наблюдениям и опытам, приобретают способность сами ставить вопросы и получать на них ответы, оказываясь на более высоком умственном и нравственном уровне в сравнении с теми, кто такой школы не прошел».

# ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ. THE ANIMALS OF WORLD

**Алменова Зулфия Суйеубаевна**

**Мақсаты:** Үй жануарларымен жабайы аңдарды ажырата білуге үйрету, сөздік қорларына жаңа сөздер енгізу, ойын арқылы балалардың ерікті есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, эстетикалық тәрбие беру, айналадағы қоршаған ортаны сүйюге, мейірімділікке, сүйіспеншілікке тәрбиелеу, тілге деген қызығушылықтарын ояту.

**Қажетті құрал - жабдықтар:** Жануарлардың суреттері, тақта, бейнеролик, қарындаш, кубик, себет.

**Сөздік жұмыс:** Жануар сөзін түсіндіру.

**Полингвалды компанент:** Сиыр-корова-a cow, жылқы-лошадь-a horse, түйе-верблюдь-a camel, қой-овца-a sheep, қасқыр-волк-a wolf, қоян-заяц-a hare, түлкі-лиса-a fox, аю-медведь-a bear, қызыл телпек-красная шапочка.

**Өтілу барысы:**

**Ұйымдастыру кезеңі:** Сәлеметсіңдер ме, здравствуйте, good morning,

Let's begin our lesson, the theme of our lesson is the animals of world.

**Шаттық шеңбер:**

Қуанамын менде
Қуанасың сенде
Қуанайық достарым
Арайлап атқан күнге
Радуешься ты
Радуюсь и я
Солнышко проснулась
Радуемся друзья
You rejoice
I rejoice
The sun woke up
Rejoice friends
Thanks, children sit down please!

Балалар сендер жануар деген сөзді қалай түсінесіңдер? иә жануарлардың екі түрі бар. Дала жануары және үй жануары болып екіге бөлінеді. Олай болса теледидарға назар аударамыз. Балалар суретке назар аударады.

Теледидардан қызыл телпек қонаққа келеді. Балалардан көмек сұрайды. Қызыл телпектің анасы тәтті бәліш пісіріп, оны қызынан әжесіне апаруын ұсынады. Қызыл телпек әжесінің үйіне бару үшін орман арқылы бару керек. Орманда қасқырға тап болмас үшін ол бес тапсырманы орындауы қажет. Ал қызыл телпек балалардан көмек сұрайды.

Ал, балалар біз қызыл телпекке көмектесеміз бе?

Тақтада орманның суретімен қызыл телпектің әжесінің үйі ілінеді. Ол үйге жеткенше 1 ден 5 ке дейінгі сандар қойылады.

**1-тапсырма.**

Балалар үш тілде тақпақ айтып, жұмбақтың жауабын табыңдар депті.

**Бекасыл**

Түйе-малдың үлкені
жылқы-малдың үркегі
сиыр-малдың сүттісі
қой-түліктің құттысы

**Еркежан**

I can feed a hare
I can draw a bear

**Сабина, Димаш**

I like my bunny
Bears like honey

**Інжу**

The cow says, moo, moo
I have some milk for you
**Мейрім**
Қоян қорқақ-сәбізді жақсы көреді
Түлкі қу-терісі оның әдемі
Аю аңқау-балды жақсы көреді
Қасқыр батыр әрі залым келеді.
**Бекасыл**
Ты куда спешишь, лошадка?
У меня с утра зарядка
**Інжу**
Приходите к нам, барашки
Мы расчешем вам кудряшки
Нет спосибо, бе-бе-бе
Расчешите их себе.
**Еркежан**
Пчелы гонятся за мишкой
Жу-жу-жу не будь варишкой!
Жұмбақтар
Кішкене ғана бойы бар
Айналдыра киген тоны бар. (қой, баран, sheep)
Өзі ширақ, өзі қу
Жүрген жері айқай шу. (түлкі, лиса, fox)
Үстінде екі тауы бар
кезекті бір жануар. (түйе, верблюдь, camel)
Қорыққанда желаяқ
отырғанда томардай-ақ (қоян, заяц, hare)
Қыс бойы жатады
Тәтті ұйқыға батады. (аю, медведь, bear)
Жарайсыңдар, балалар.
**2-тапсырма.**
"Дауысына қарап ажырат"
Теледидардан жануарлардың дыбысы естіледі, балалар дыбыстарын дұрыс табулары керек.
**3-тапсырма**
"Кім жылдам?"
Екі топқа бөлініп, үй жануары және жабайы аңдарды құрастырады.
**Сергіту сәті.**
Теледидардан қарап сергіту сәтін жасайды.
**4-тапсырма.**
"Қайда мекендейді"
Тақтаға ферманың және орманның суреті ілінеді.
Суретке қарап аңдардың және үй жануарлардың қайда мекендейтінін табу керек.
**Саусақ жаттығуы**
One, one, one
little dog run
two, two, two
Cats see you
three, three, three
Birds in a tree
Four, four, four
Rats on the floor
Thanks, children, very good
**5-тапсырма.**
Ал, балалар қызыл телпекті қасқыр жеп қоймас үшін бесінші тапсырманы да орындайық. Барлығымыз орындарымызға отырып, қолымызға қарындашты ұстаймыз. Қызыл телпекті әжесінің үйіне дейін сандармен жеткізейік. Олай болса мұқият қарап, тапсырманы орындайық балалар.
Балалар сендерге бүгінгі ашық оқу қызметі ұнадыма?
Бізден кім көмек сұрады?
Біз қызыл телпекке көмек бергеніміз дұрыспа?
Жарайсыңдар, балалар сендер өте жақсы қатыстыңдар және өте жақсы жауап бердіңдер.
Балалар сендерге қызыл телпек рахметін айтып, сендерге анасының пісірген тәтті бөлішінен беріп жіберді.
**Қорытынды**
Берілген бес тапсырманы дұрыс мұқият орындай алды және оларды үш тілде қамтып шықты. Ойын арқылы үй жануарлары мен жабайы аңдардың айырмашылығын айта білді, атауларын дұрыс айтып ойларын жеткізе білді.

# *ҚАЗАҚСТАНДА МИНЕРАЛДЫ РЕСУРСТАРДЫҢ ТАРАЛУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ*

**Арманова Айдана Арманқызы**

| | | 
|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары** | 9.3.1.4. Қазақстанның минералды ресурстарының таралу заңдылықтарын анықтайды |
| **Сабақ мақсаты** | **Барлық оқушылар:** Қазақстанның минералды ресурстар кен орындарының шоғырлану аймағын анықтайды. |
| | **Оқушылардың басым бөлігі:** Минералдардың пайда болу себептері мен таралу заңдылықтарына талдау жасайды. |
| | **Кейбір оқушылар:** Карта бойынша «Қазақстан - жер асты байлықтарының қоймасы» тақырыбына 5-тен емес дәлелдер келтіреді. |
| **Бағалау критерийі** | Қазақстанның минералды ресурстары кен орындарының шоғырлану аймағын анықтайды. Минералды ресурстардың таралу заңдылығының ерекшелігін түсіндіреді. |

<table>
<tr><td>Тілдік мақсаттар</td><td colspan="2">Оқушылар ... істей алады<br>Оқылым–айтылым. Оқушылар Қазақстандағы минералды ресурстардың таралу заңдылықтарын оқулық мәтіні негізінде айта алады.<br>Тыңдалым–жазылым. Минералды ресурстардың таралу заңдылықтарын түсіндіре алады, олардың шартты белгілерін дұрыс белгілей алады.</td></tr>
<tr><td></td><td colspan="2">Пәнге қатысты сөздер мен сөз тіркестері: лагуна, кен орындар</td></tr>
<tr><td></td><td colspan="2">Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер<br>Қазақстандағы пайдалы қазбалардың ірі шоғырланған аймағы . . .<br>Қазақстанның кенге ең бай аймағы . . .</td></tr>
<tr><td></td><td colspan="2">Талқылауға арналған тармақтар: Қазақстандағы пайдалы қазбалардың шоғырланып орналасуы әртүрлі, өйткені ...</td></tr>
<tr><td></td><td colspan="2">Сіз неліктен ... екенін айта аласыз ба?<br>Қазақстанды – жер асты қоймаларының байлықтары дейміз ... неліктен?</td></tr>
<tr><td></td><td colspan="2">Жазылым бойынша ұсыныстар: Тақырып бойынша кездесетін терминдерді орфографиялық және грамматикалық қателіктер жібермей барынша сауатты жазу.</td></tr>
<tr><td>Құндылықтарға баулу</td><td colspan="2">Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу. Оқушыларды минералды ресурстардың маңыздылығын түсінуге, оларды тиімді пайдалануға тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Пәнаралық байланыс</td><td colspan="2">Химия. Минералдың түрлері<br>Геология. Минералдың таралу аймақтары</td></tr>
<tr><td>Алдыңғы білім</td><td colspan="2">Қазақстанның жер бедерінің геологиялық тарихын және тектоникалық құрылымын анықтай алады.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Сабақтың барысы</td></tr>
<tr><td>Сабақтың жоспар-ланған кезеңдері</td><td>Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>Сабақтың басы<br><br>7 минут</td><td>Сыныппен сәлемдесу, түгендеу, сабаққа назарын аударту.<br>«Ассоциативті қатар» әдісі арқылы тақырыпты болжау.<br>Оқушылар бейджик таңдау арқылы 2 топқа бөлінеді<br>Үй тапсырмасы. «Кубизм» әдісі.<br>Түрткі сұрақтар:<br>Тектоника ғылымы нені зерттейді?<br>Қазақстанның аумағы қандай геотектоникалық аймақтарға бөлінеді?<br>Қазақстан аумағында қандай эралардың жыныстары тараған?<br>Оқушыларды сабақ тақырыбы, оқу мақсаты, сабақ мақсатымен таныстыру.</td><td><br><br></td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы<br><br>20-25 минут</td><td>1-тапсырма. (С,Ж) «Дарабоз» әдісі<br>Мәтінді мұқият оқып шығыңыз. Атластан магмалық және шөгінді пайдалы қазбалардың таралу аймағын анықтап, кескін картаға шартты белгі бойынша түсіріңіз. Сұрақтарға жазбаша жауап беріңіз.<br>Қазақстанның пайдалы қазбаларының әртүрлі таралып орналасуының себебе неде?<br>Қазақстанның кенге ең бай аймағын атаңыз?<br> <br>
<table>
<tr><td>Бағалау критерийлері</td><td>Дескриптор</td></tr>
<tr><td>Қазақстанның минералды ресурстары кен орындарының таралу аймағын анықтайды</td><td>-мәтінді мұқият оқиды</td></tr>
<tr><td></td><td>-атластан магмалық және шөгінді пайдалы қазбалардың шоғырлану аймағын анықтайды</td></tr>
<tr><td></td><td>-магмалық және шөгінді пайдалы қазбаларды кескін картаға түсіреді</td></tr>
<tr><td></td><td>-шартты белгілерін жазады</td></tr>
<tr><td></td><td>-пайдалы қазбалардың әртүрлі таралып орналасуын анықтайды</td></tr>
<tr><td></td><td>-кенге ең бай аймақтарын анықтайды</td></tr>
<tr><td></td><td>-жауаптарын дәптерге жазады</td></tr>
</table></td><td>http://expert.atamura.kz/kz/books/558#page/72<br></td></tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
ҚБ. Өзін-өзі бағалау «қосу, алу, қызықты» әдісі<br>
Кері байланыс. Ауызша<br>
Сергіту сәті. «Сөз тізбегі» әдісі<br>
2-тапсырма. (Т) «Графикалық органайзер» әдісі<br>
Қазақстанның тектоникасы және пайдалы қазбалары картасын, оқулық мәтінін пайдаланып, еліміздегі минералды ресурстардың таралу заңдылықтарының ерекшелігін «Минералды ресурстардың таралу заңдылығы» кестесіне түсіріңіз<br>
<br>
1-топ
<table>
<tr><td>Платформалар-<br>да таралған минералды ресурстар</td><td>Таралу заңдылығының ерекшелігі</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
2-топ
<table>
<tr><td>Қатпарларда таралған минералды ресурстар</td><td>Таралу заңдылығының ерекшелігі</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
<table>
<tr><td>Бағалау критерийі</td><td>Дескриптор</td></tr>
<tr><td rowspan="4">Минералды ресурстардың таралу заңдылығының ерекшелігін түсіндіреді</td><td>-мәтіннен минералдардың таралу заңдылығын оқиды</td></tr>
<tr><td>-картадан платформаларда таралған минералдарды анықтайды</td></tr>
<tr><td>-картадан қатпарларда таралған минералдарды анықтайды</td></tr>
<tr><td>-минералдардың таралу заңдылығының ерекшеліктерін жазады</td></tr>
</table>
ҚБ. Өзара бағалау «Бутерброды» әдісі<br>
Кері байланыс: белгі қою<br>
Сараланған тапсырма:<br>
1. Қазақстанның кенге ең бай аймағы атаңыз?<br>
2. «Лагуна» сөзін қалай түсінесіз? Оған анықтама беріңіз<br>
3. «Қазақстан - жер асты байлықтарының қоймасы» тақырыбына 5-тен емес дәлел келтіріңіз?
</td>
<td>http://expert.atamura.kz/kz/books/558#page/74<br></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br><br>7-8 минут</td>
<td>
Рефлексия. «Шульманның 3 ілімі» әдісі<br>
Бүгінгі сабақта басыңыз арқылы нені меңгердіңіз?<br>
Бүгінгі сабақта қолыңыз арқылы нені жасай алдыңыз?<br>
Бүгінгі сабақта жүрегіңіз арқылы нені сезіндің?<br>
Үй тапсырмасы:<br>
Барлық оқушылар: Мәтіннен Қазақстаннның минералды ресурстарының таралу заңдылығын оқыңыз.<br>
Басым көпшілігі: Мәтінді негізге ала отырып, Қазақстанның минералды ресурстарының таралу заңдылығына 10-15 тест құрастырыңыз.<br>
Кейбір оқушылар: Өз облысыңыздағы минералды ресурстардың таралу заңдылығын талдап, хабарлама дайындаңыз.
</td>
<td></td>
</tr>
<tr><td>Қосымша ақпарат</td><td></td><td></td></tr>
</table>

<table>
<tr>
<td>Саралау – сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз?<br>Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?<br>Қолдау – қабілеті төмен оқушыға жеке көмек көрсетемін. Тапсырманы орындауға бағыт-бағдар</td>
<td>Бағалау – сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырысыз?<br>Тапсырма соңында мұғалім және оқушылар өзара ауызша</td>
<td>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау<br>Топта жұмыс жүргізу кезінде жеке бас қауіпсіздіктерін сақтау</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| беремін. Қабілеті жоғары оқушыға тақырыптық карталарды қолдануға нұсқау беремін.<br>**Ресурс** – оқушыларға өз жұмыстарын нәтижелі орындау үшін түрлі ресурстар ұсынамын.<br>**Ақпарат** – оқушыларға ортақ тапсырмалар беремін, бірақ тапсырманы түрлі ақпарат негізінде қарастыруға нұсқаулық беремін.<br>**Үй жұмысы** –жекелеген оқушыларға және қабілетті оқушыларға тапсырманы қарапайымнан күрделендіріп беремін.<br>**Диалог/Сұрақтарды пайдалану –** сұрақтарды оқушылардың деңгейіне қарай қоямын. | кері байланыс жасайды.<br>Белсенді топты немесе белсенді жұпты анықтау үшін түрлі бағалау әдістерін пайдаланамын:<br>«Кубизм»<br>«Ассоциативті қатар»<br>«Графикалық органайзер»<br>«Кері байланыс бутерброды»<br>«Қосу, алу, қызықты»<br>«Дарабоз», «Сөз тізбегі» әдістері арқылы оқушылардың белсенділігіне баға беріледі. | Сергіту сәтінде қозғалыста болып, зейіндерін шоғырландыру, бірін бірі мұқият тыңдауға дағдыландыру |
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма? Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарларынан ауытқулар болды ма және неліктен? | | |
| **Жалпы бағалау** | | |
| Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқу мен оқытуға қатысты) 1:, 2:<br>Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқытуды да оқуға қатысты) 1:, 2:<br>Сабақ барысында мен сынып немесе жекеленген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім? | | |

# ҚАЛАЙ ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ КЕРЕК?

**Асқанбай Ғанима Байболатқызы**

| | | |
|---|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 1.2.3.3 адамның өсуі мен дамуы үшін керек қажеттіліктерді анықтау.<br>1.1.1.1 қоршаған әлем құбылыстары, үдерістері мен нысандарын зерттеудің қажеттілігін түсіндіру. | |
| **Сабақтың мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** адамның өсуі мен дамуы үшін керек қажеттіліктерді анықтайды.<br>**Көптеген оқушылар:** қалай дұрыс тамақтану керектігін біледі.<br>**Кейбір оқушылар:** қоршаған әлем құбылыстары, үдерістері мен нысандарын зерттеудің қажеттілігін түсінеді. | |
| **Бағалау критерийлері** | - қандай азық-түліктің денсаулыққа пайдалы екенін және олардан қандай тамақ әзірлеуге болатынын түсінеді.<br>- дұрыс тамақтану ережесімен танысады.<br>- қазақтың ұлттық тағамдарының атауларын біледі.<br>- зиянды тағам түрлерін біледі. | |
| **Тілдік мақсаттар** | Пәнге тән лексика мен терминология: пайдалы тағам, тамақтану пирамидасы.<br>Талдауға арналған сұрақтар:<br>- Адамдар не үшін тамақтанады? Сен қалай ойлайсың? | |
| **Құндылықтарды дарыту** | Оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға және достарына, айналасындағыларға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. | |
| **Пәнаралық байланыс** | Дүниетану | |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интербелсенді тақта (Қазақтың ұлттық тағамы туралы бейнефильм http://www.youtube.com/ watch?v=nZH30H-gq-I.) | |
| **Бастапқы білім** | Адам өмірінің кезеңдерін сипаттай алады. Адамның есеюі арқылы өзгеретінін біледі. | |
| **Сабақ барысы** | | |
| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| Сабақтың басы | **Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**Психологиялық ахуал орнату**<br>- Балалар, қол ұстасып шеңбер құрайық.<br>Қане, бір - біріміздің күлімдей қарайық. | |

| | | |
|---|---|---|
| Ширату | Ендеше шат көңілмен өлеңімізді бастайық:<br>Денсаулық – ол жүруің,<br>Оқу үшін мектепте.<br>Ешбір жерің ауырмай,<br>Дұрыс тамақтану үшін де.<br>**«Миға шабуыл» стратегиясы**<br>Жаңа материалды ашу мақсатында оқушылардың отбасындағы сүйікті тағамдарын естеріне түсіре отырып төмендегідей сұрақтарды қоямын:<br>- отбасылық мерекелер қалай өтеді?<br>- қандай тағамдарды сүйіп жейсіңдер?<br>- кім аналарына ас әзірлеуге көмектеседі?<br>- ол үшін не істейсіңдер?<br>- не үшін тамақтану керек?<br>Жаңа сабақ тақырыбын хабарлау. **Қалай дұрыс тамақтану керек?**<br>**Бүгінгі сабақта сендер:**<br>- дұрыс тамақтану жолдарын білетін боласыңдар.<br>- зиянды тағам түрлерімен танысасыңдар. | Сұрақтар тізбегі |
| Сабақтың ортасы | **М.Т. Жаңа материалды игеру. Оқулықпен жұмыс (16 бет)**<br>Дұрыс тамақтану адамның денсаулығына пайдалы. Әрдайым уақтылы тамақтану керек. Артық тамақ жеу –денсаулыққа зиян. Асты асықпай жақсылап шайнау қажет. Ғалымдар адамның денсаулығына пайдалы азық-түліктерді көрсету үшін **тамақтану пирамидасын** ойлап тапты. **Тамақтану пирамидасы** - дұрыс тамақтанудың негізгі қағидаларының сызбалық көрінісі. Пирамиданың төменгі жағында тамаққа жиі қолданылатын азық-түліктер, ал жоғарыда шектеулі мөлшерде қолдануға тиісті азық-түліктер орналастырылған.<br><br>**ҰЖ. «Джиксо» әдісі бойынша**<br>Суреттегі тағамдарға назар аударайық:<br>- Олардың ішінде қайсысы саған таныс?<br>- Қандай азық-түліктерден дайындалған?<br>- Тағы қандай қазақтың ұлттық тағамдарын білесің?<br><br>Оқушылардың назарын суретке аударып дастарқандағы тамақтардың қайсысы таныс екенін және қандай азық-түліктерден дайындалатынын сұраймын. Содан кейін қазақтың ұлттық тағамы туралы бейнефильм көрсетемін. «Күлегештер» әдісімен бағалаймын.<br>**ТЖ. «Қалай дұрыс тамақтану қажет?» айдары**<br>Берілген сұрақтарды топпен талдап, ой пікірлерін білдіреді:<br>1-топ: күніне неше рет тамақтану керек? | Оқулық<br><br>Тамақтану перамидасының суреті<br><br>Оқулық<br><br>Интербелсенді тақта (Қазақ тың ұлттық тағамы туралы бейнефильм http://www. youtube.com/ watch?v=nZH30H-gq-I.) |

| | | |
|---|---|---|
| | 2-топ: мөлшері қандай болу керек?<br>3-топ: қай уақытта тамақтанған дұрыс?<br>4-топ: қай тағамды таңертен, ал қайсысын кешке жеген дұрыс?<br>**Жауабы:** Дастарқанда шұжық, қазы, бауырсақтар, шелпектер, жаңғақтар, жеміс-жидектер.<br>Күніне төрт рет (немесе бес рет) тамақтану қажет. Мөлшері көп болмауы керек. Үнемі бір мезгілде тамақтанған дұрыс, мысалы: 8.00 - таңғы ас, (11.00 - жеміс-жидек немесе шырын), 13.00 - түскі ас, 16.00 - бесіндік, 19.00 - кешкі ас. Таңғы ас нәрлі болу үшін ботқа және жеміс-жидек жеген дұрыс. Ал кешке жұмыртқа, көгөніс, балықтан жасалған тағамдарды жеген пайдалы.<br>(Топпен ой пікір бөлісу аяқталған соң дұрыс жауабы интербелсенді тақтадан ретімен шығады)<br>«Бас бармақ» әдісімен бағалаймын.<br>**Саралауға арналған тапсырма. «Суреттер сөйлейді» айдары**<br> | Интербелсенді тақта |
| | А) Пирамидадағы тағамдардың атауын атай аласың ба?<br>В) Аталған азық-түліктерден қандай тағам әзірлеуге болады?<br>С) Шеңберге азық-түліктер не үшін топтастырылған деп ойлайсың? Олар пайдалы ма? анықта. (шеңбердегі тағамдардың зиянды екенін анықтайды. Оларға: газдалған тәтті сусындар, фри, жылдам дайындалатын тағамдар жататынын біледі).<br>**Дескриптор:**<br>- тамақтану пирамидасындағы тағамдарды атайды,<br>- азық-түліктерден тағам түрін әзірлей алады,<br>- пайдалы және зиянды тағамдарды ажыратады.<br>«Жетістік баспалдағы» әдісімен бағаладым<br>**Ж. МК.«Аспаз болып көр» айдары бойынша** дәптердің 23 - жұмыс парағы. «Пайдалы таңғы ас» (25 бет) тақырыбындағы тапсырманы орындау.<br>**Тапсырма:** Үш күнге арнап ас дайында.<br>Бірінші күнгі таңғы асқа қажетті азық-түлікті көк түспен, екінші күндікін жасыл түспен, үшінші күндікін қызыл түспен қоршап сыз.<br><br>«Екі жұлдыз бір тілек» әдісімен бағалаймын | Тамақтану пирамидасының суреттері<br><br>Жұмыс дәптері |

| | | |
|---|---|---|
| Сергіту сәті | Қолдарыңды көтеріңдер-бір дейік.<br>Көп отырып, қатты шаршап жүрмейік.<br>Қолды создық, басты бұрдық-екі деп,<br>Қозғалыспен әрбір адам жетіледі.<br>Алға, артқа қарадық та-үш дедік<br>Тағы жаңа жаттығулар істедік.<br>Түсірейік қолды төрт пен бесті айтып,<br>Отырайық көңілді енді марқайтып. | Сергіту сәтіне арналған жинақтар |
| | **Ж. «Мен - зерттеушімін» стратегиясы бойынша** оқушыларға толтырылмаған тамақтану пирамидасы бар парақтар беріледі.<br>**Тапсырма:** Өзің жиі тұтынатын азық-түлікті пирамида сатыларына қалай орналастырар едің?<br><br>**Дескриптор:**<br>- Оқушылар өздерінің ас мәзірлерін зерттейді;<br>- Азық -түліктердің тамақтану перамидасындағы орнын анықтайды;<br>- Өздері қабылдап жүрген тағамдарының пайдасын біледі.<br>«Жасыл қалам» әдісімен бағалаймын<br>**Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма. «Кім жылдам?»** стратегиясы бойынша<br>**Бөлімше:** 2.3 «Адам»<br>**Оқу мақсаты:** 1.2.3.3 Адамның өсуі мен дамуы үшін керек қажеттіліктерді анықтау.<br>**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Білу және үсіну, қолдану<br>**Бағалау критерийі:** Білім алушы<br>Адамның өсіп-дамуына қажетті жағдайларды атайды.<br>Адамның өсіп-дамуы үшін орындалатын әрекеттерді анықтайды.<br>**1-тапсырма.**<br>Адамға пайдалы тағамдардың тұсына «+» белгісін, ал зиянды тағамдардың тұсына «-» белгісін қойыңыз.<br><br>Адамның өсуі үшін тамақтанудың пайдасы туралы әңгімелейді.<br>**Дескриптор:** Білім алушы<br>- адам ағзасына пайдалы тағамдарды белгілейді;<br>- адам ағзасына зиянды тағамдарды анықтайды;<br>- адам үшін тамақтанудың пайдасын түсіндіреді.<br>«Өзін-өзі бағалау парағы» әдісімен бағаладым | Толтырылмаған тамақтану пирамидасы бар парақтар, күнделікті үйде қолданатын тағамдарының суреттері<br><br>Қалыптастыруға арналған тапсырмалар жинағы |
| Сабақтың соңы | Кері байланыс «Ауа райы» әдісімен<br><br>Сабақты Жақсы Түсіндім / сабақты жартылай түсіндім / сабақты түсінбедім | Ауа райының суреттері |

# Үшбұрыштар теңдігінің бірінші белгісі

**Байденес Алтыншаш Орынбасарқызы**
Математика пәні мұғалімі
Қазады аудандық білім бөлімінің «№225 орта мектебі» КММ

| | |
|---|---|
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 7.1.1.21 үшбұрыштар теңдігінің белгілерін білу және дәлелдеу;<br>7.1.1.22 үшбұрыштар теңдігінің белгілерін есептер шығару мен дәлелдеулерде қолдану. |
| Сабақтың мақсаты | **Барлық оқушылар:** үшбұрыштар теңдігінің белгілерін біледі;<br>**Оқушылардың басым бөлігі:** үшбұрыштар теңдігінің белгілерін есептер шығаруда қолданады;<br>**Кейбір оқушылар:** үшбұрыштар теңдігінің белгілерін дәлелдеулерде қолданады. |
| Бағалау критерийі | - үшбұрыштар теңдігінің белгілерін білу;<br>- үшбұрыштар теңдігінің белгілерін есептер шығаруда қолдану;<br>- үшбұрыштар теңдігінің белгілерін дәлелдеулерде қолдану. |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау |
|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>10 мин. | **Ұйымдастыру.**<br>Сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу<br>Үй тапсырмасын сұрау №2.33<br>«Блум түймедағы» тәсілі арқылы сұрақтар беру<br>1. Қарапайым сұрақ. Үшбұрыш дегеніміз не? Үшбұрыштың қандай түрлері бар?<br>2. Анықтаушы сұрақ. Үшбұрыштың биіктігі, биссектрисасы, медианасына түсініктеме бер.<br>3. Интерпретациялық (түсіндіруші) сұрақ. Үшбұрыштың төбесінен табанына жүргізілген биссектрисасы қандай жағдайда оның биіктігі әрі медианасы бола алады?<br>4. Шығармашылық сұрақ: Егер теңбүйірлі үшбұрыштың төбесінен табанына медиана жүргізсек қалай болар еді?<br>5. Бағалау сұрақтары. Теңбүйірлі үшбұрыш пен тең қабырғалы үшбұрыш бір-бірінен несімен ерекшеленеді?<br>6. Тәжірибелік сұрақ. Күнделікті өмерде үшбұрыштарды кездестіруге бола ма?<br>Сабақтың мақсаты мен бағалау критерийін таныстыру. | Сәлемдеседі<br><br>Оқушылар қатемен жұмыс жасайды, өткен тақырып бойынша түсініктерін айтады, сұракка жауап береді<br><br>Оқушылар 3 топқа бөлінеді: тең бүйірлі, тең қабырғалы, тік бұрышты үшбұрыш | 10 балдық жүйеде бағалау №2.33<br>Сызбаны дұрыс салады-1,<br>Шартын дұрыс құрады-1,<br>ВС қабырғасын табады-1,<br>АВ қабырғасын табады-1,<br><br>Әр сұраққа -1 балл. |
| Сабақтың ортасы<br>10 мин.<br><br>20 мин. | ТЖ: 1-тапсырма: «Тарсия» әдісі бойынша Үшбұрыштың элементтеріне сәйкес бір-біріне тең үшбұрыштарды анықтаңдар<br>Топтық жұмыс бойынша кері байланыс беру (үшбұрыштар теңдігінің бірінші белгісіне сәйкес қорытынды)<br>**Ж.** Оқушылардың қажеттілігіне қарай **саралау** тапсырмалары:<br>1) №2.2<br>2) №2.7<br>3) Екі диханшы бірдей үшбұрышты жер телімін алды. Бірақ олардың әрқайсысы өз жерін екіншісінің жерінен үлкен деп ойлайды. Диханшылардың мәселесін қалай шешуге болады?<br>Қолдауды қажет ететін оқушыларға үлестірмелі парақтар беріледі: | Оқушылар үшбұрыштар теңдігінің І белгісіне сәйкес тең үшбұрыштарды тауып, үлкен үшбұрыш құрастырады.<br><br>Оқушылар тапсырманы орындайды. | «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» арқылы топтар бір-бірін бағалайды<br><br>Дескриптор арқылы өзін-өзі бағалайды. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| |  <br>Жеке жұмыс бойынша кері байланыс беру | | |
| **Соңы**<br>5 мин. | **Рефлексия.**<br>«Аяқталмаған сөйлем»<br>Үйге тапсырма | Оқушылар келесі сөйлемдерді толықтырады:<br>1 Оқудағы жетістігі ....<br>2 Оқудағы кедергі...<br>3 Жақсарту керек | |

# «МАҚТА ҚЫЗ БЕН МЫСЫҚ» ЕРТЕГІСІН САХНАЛАУ

**Бақтыбаева Нұржамал Шәкірқызы**

**Білім беру саласы:** «Коммуникация»

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем әдебиет

**Тақырыбы:** «Мақта қыз бен мысық» ертегісін сахналау

**Мақсаты:** Ертегілерді сахналау барысында кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізе білуге үйрету. Суретке көңіл қойып мазмұнын түсіне білуге үйрету. Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету.

**Көрнекі құралдар:** Ширма, «Мақта қыз бен мысық» суреттері

**Әдіс-тәсілдер:** Көрсету, сұрақ-жауап, сергіту сәті

**Тәрбиеші:** Балалар көңіл күйлерің қалай жақсы ма? Қане балалар, келген қонақтармен амандасайық!

**Балалар:** Сәлеметсіздер ме?

**Тәрбиеші:** Қазір қандай мезгіл – қыс

Ауа-райы қандай?

Күн салқын, қар жауады



**Тілек ағашы**



Деніміз сау болсын!

Елімізде тыныштық болсын!

Көк туымыз биік болсын!

Бәріміз күндей жарқырып, дос болайық

Балалар ертегілер еліне саяхат жасаймыз?

(Балаларды ертегілер көрмесіне шақырады)

Өтілген ертегілерді есімізге түсірейік. Бауырсақ, шалқан, ешкі мен лақ, өте жақсы балалар олай болса бүгін біз мақта қыз бен мысық ертегісін сахналаймыз. Қане балалар ертегі кейіпкерлерін кейіпкерлерін есімізге түсірейік. Мына жерде тұрған кейіпкерлерді рет-ретімен орналастырамыз.



**Тәрбиеші:** Кім қай кейіпкердің рөлін ойнауды қалайды.

**Негізгі бөлім**

(Музыка ырғағы ойналады және әр кейіпкер сөйлеген сайын үнтаспадан дыбыс шығарылып әуенімен сүймелденеді)

Мақта қыз

Мысық

Сиыр

Ағаш

Қыздар

Дүкенші

Тауық

Тышқан

Тәрбиеші: (Автор)

**Сергіту сәті**



**Қорытынды**

Балалар сендерге ертегі ұнады ма?

Ия

**Бүгінгі келген қонақтармен қоштасайық!**

Сау болыңыздар!

# ЖАС МҰХТАР. АХМЕТ ӘУЕЗОВ

**Бекмагамбетова Асима**

| | | |
|---|---|---|
| **Мақсаты** | 1. Жазушы Мұхтар Әуезовтің ұлы ақын Абаймен байланысты балалық шағы туралы түсінік беру, тақырыптың мазмұн – мәнін аша білуге үйрету.<br>2. Ауызша, сөйлеу тілдерін дамыта отырып, сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуін, шығармашылық қабілетін арттыруына бағыттау.<br>3. Қоғамды сананы жаңғыртуда оқушылардың өз мәдениетін, мәдени мұрасын сақтай, әдебиеттегі ұлттық құндылықтарымызды оқушы бойына сіңіреді, ой елегінен өткізеді. | |
| **Оқыту нәтижесі** | Жазушы Мұхтар Әуезовтің ұлы ақын Абаймен байланысты балалық шағы туралы түсінік алады, тақырыптың мазмұн – мәнін аша білуге үйренеді, оқушылардың сөздік қоры, тіл байлығы дамитын болады.Туған жер "Туған ел" бағдарламасы бойынша халқымыздың әдет-ғұрпын білу үшін Абайдың қара сөздері мен Мұхтар шығармаларын терең түсінеді. | |
| **Түйінді идеялар** | Абай өсиеттерінен тәлім тәрбие алу, қарасөздерінен ғибраттану. "Туған ел" бағдарламасы бойынша халқымыздың әдет-ғұрпын білу үшін Абайдың қара сөздері мен Мұхтар шығармаларын терең түсіну. | |
| **Дереккөздер мен жабдықтар** | Сурет, стикерлер, маркер, АКТ, bilimland.kz | |
| **Әдіс - тәсілдері** | Кешенді талдау, сұрақ- жауап, көршіңмен әңгімелес, сурет сұрыптау. Блум таксаномиясы. | |
| **Бағалау критерийі** | Бағалау критерийі<br>1. Әңгімінің мазмұн түсініп, топтық жұмыста пікірін білдіру.<br>Дескриптор:<br>1. Жетім әңгімесін туралы өз көзқарастарын айтады. | |
| | Бағалау критерийі<br>Әңгіменің негізгі ойын анықтау<br>Әңгіме бойынша қорытынды шығару | |
| **Блум Таксаномиясы** | **Сабақтың мазмұны** | |
| | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Оқушының іс-әрекеті** |
| | Психологиялық дайындық<br>- Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?<br>- Тамаша!<br>- Әр топ бүгінгі сабаққа бір-бірімізге жүрек-жарды көңіл-күй тілейік<br>- сәттілік, бірлік, жылулық,адалдық .<br>Үй тапсырмасы:<br>- Біз қандай тараумен танысып жатырмыз?<br>- Жарық жұлдыздар.<br>- Бұл бөлімде қандай шығармаларымен таныстық?<br>- Бұл бөлімде қазақ әдебиеті мен ғылымына өшпес, із қалдырған әйгілі адамдардың жазған шығармалармен, сонымен бірге бұл бөлімде олардың бейнесі, өшпес өнегесі туралы жазылған шығармалармен таныстық<br>- қазақ әдебиеті мен ғылымына өшпес, із қалдырған, өшпес өнегесі туралы қандай әңгімені оқып келдік?<br>- М.Әуезовтің "Жетім" әңгімесі<br>2-топ Сахналық көрінісінен:<br> | Топқа бөліну Абай, Мұхтар, Ахмет ауылы «Жүректен - жүрекке».<br><br>«Жарық жұлдыздар» тарауына түсінік<br><br>Бағалау критерийі<br>1. Әңгімінің мазмұн түсініп, топтық жұмыста пікірін білдіру.<br>Топтық жұмыс<br>1-топ: Кешендік талдау<br>2-топ: Сахналық көрініс<br>3-топ: Сұрақ-жауап<br>Дескриптор:<br>1. Жетім әңгімесі туралы өз көзқарастарын айтады. |

| | | |
|---|---|---|
| **Білу** | Мұхтар ес білгелі Абайдан үлкен тәрбие алды, үлгі – өнеге алды. Атам ескіше оқып, хат танып, әріпті жаза бастаған соң, Мұхтарға, бәрімізге Абай өлеңін, қара сөзін үйрете бастады.<br>(Ахмет Әуезов)<br>- Мұғалім сөзі<br>Балалар бүгінгі сабағымыз бойынша Абай, Мұхтар аталарымыздың шығармалары мәңгілік мұра болып табылады.Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтің "Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру"деген мақаласында былай көрсетілген:<br>Рухани жаңғыру салт-дәстүрлермен,тілімен және мәдени мұрамен байланысқан ұлттық бірегейлікті сақтауды білдіреді.<br>Жаңғыру дегеніміз-бұл біздің әлемдік даму сатысына қосылуымыз, өмірде рухани жағынан Абай, Мұхтар әңгімелері мен өлеңдерін оқып, түю. | Дерекке шолу арқылы «Жас Мұхтар» тақырыбы мен сабақтың мақсаты туралы білу. |
| **Түсіну** | I. А.Әуезов «Жас Мұхтар» тыңдау<br>II. Оқулықпен жұмыс жүргізейік<br>А. Әуезов «Жас Мұхтар»<br>1. Мәнерлеп іштей оқу.<br>2. Диологты оқыту | А. Әуезов. «Жас Мұхтар» бейнетаспадан тыңдау, түсіну |
| **Талдау** | I топ: Білу. Суреттеңіз.<br>1. М.Әуезовті неге «Жас Мұхтар» атанған?<br><br>II топ: Талдау. Зерттеңіз.<br>1. Мұхтарды кішкене кезінде кім деп атаған?<br>2. М. Әуезов бала кезінен бастап нені оқып үйренді?<br>3. Атасының аты кім?<br>4. Атасы қандай жырлар мен ертегілерді айтып берді? | Бағалау критерийі<br>1. Әңгіменің негізгі ойын анықтау.<br>2. Әңгіме бойынша қорытынды шығару. |
| **Талдау** |  <br>III топ: Түсіну. Салыстырыңыз.<br>1. Тақырып кім туралы?<br>2. Мазмұнын кім әңгімелейді?<br> <br>Қолданыңыз. Абайдың қарасөзін талдау<br>1. Естілген нәрсені ұмытпас үшін әрбір оқушы қандай болу керек?<br>(Оқушылар өмірмен байланыстыра түсіндірілді)<br>1. Мұхият тыңдау<br>2. Ынтамен ұғу<br>3. Бірнеше рет қайталау<br>4. Басқа ойдан қашық болу | Блум таксаномиясы арқылы талқылау.<br><br>Дескриптор:<br>1. Жас Мұхтар әңгімесін дұрыс түсінеді, баяндайды.<br> |

| | | |
|---|---|---|
| **Қолдану** | I топ: Суреттер<br>М.Әуезовтің балалық шақтарынан<br><br>Суреттер<br>Мұхтар отбасы мен достары<br><br>М.Әуезовтің әңгімелелері<br> | 1. Суреттерді сұрыптау<br><br>Суреттерді сұрыптау арқылы, қолдана талқылау, тақырып беру. |
| **Қолдану** | II. "Көркем сөз-шебері"<br>"Қобыланды батыр"<br>"Алпамыс батыр"<br>"Абайдың қарасөзі"<br> | 2. Есте сақтау<br>"Көркем сөз-шебері" М.Әуезовтың жаттаған жыры мен Абайдың қара сөздерін жатқа айтылып түсіндірілді. |
| **Кері бай-ланыс** | Менің бүгінгі сабақтан алғаным<br>Менің білгім келеді, ізденуім қажет<br><br>Мұғалім:<br>Балалар бір шаңы-рақтың астында барлығымыздың мақсатымыз бір, барлығымыз тату біріге білім алып өз ұлтымыздың ата-бабамыздың асыл қазынасынан ән-жыры,әдеби шығармаларынан тәлім-тәрбие алғанда өз ұлтын сүйетін патриотқа айналамыз. | "Шаңырақ" кері байланыс арқылы (Мұғалім бір жақ ұшы біріктіріліп түйілген ленталарды ұстап тұрады,<br>оқушылар өздеріне ұнаған түсті таңдап лентаның екінші жақ ұшын ұстап бүгінгі сабақтан алған әсері мен білгісі келетін және нені ізденгісі келетін өз ойын жеткізеді. |
| **Бағалау** | Топ жетекшілері бағалау.<br>Үй тапсырмасы:<br>а) Мәтінді оқу, мазмұнын білу.<br>ә) М.Әуезов шығармалары | Бағалау.<br>Топтық жұмыстар арасында өзара бағалау.<br>Топ жетекшілері топтағы оқушыларға балдық жүйе арқылы бағаланып талқыланды. |

# «ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІ»

**Жаксыбекова Айгерим**

**Мақсаты:** Дене мүшелерін атауға, қажеттілігін түсінуге үйрету. Өзі, дене мүшелері туралы әңгімелесу.
**Көрнекіліктер:** Дидактикалық ойынға арналған материялдар, дене мүшелері бейнеленген карточкалар.

| Оқу қызметі кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | **Тәрбиеші:**<br>- Сәлеметсіңдерме?<br>Балалар көңіл-күйлерің қалай?<br>Ендеше шеңбер болып тура қойыңдар.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Екі көзім жайнаған,<br>Қандай әсем айналам.<br>Екі қолым қанатым,<br>Екі аяғым сай маған.<br>Езу тартып күлейік,<br>Көңілді боп жүрейік.<br>Жарайсыңдар балалар орыңдарына отыра қойыңдар. | Сәлеметсізбе апай!<br>Жақсы<br><br>Шаттық шеңберін орындайды.<br><br>Орындарына жайғасады. |
| **Ұйымдастырушы ізденуші** | - Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Күз мезгілінде неше ай бар?<br>- Қәне атап айтайықшы<br>- Балалар бүгін ауа-райы қандай?<br>- Балалар күз айында жапырақтың түсі қандай болады.<br>Дұрыс айтасыңдар балалар.<br>**Тосын сәт:**<br>Есік қағылып топқа қорап алып, бала кіреді.<br>**Бала:** Саламатсызба апай, мына қорап сіздердікі ме?<br>**Тәрбиеші:**<br>- Жоқ, бұл қандай қорап екен? - қане балалар ішінде не бар екен көргілерің келеме?<br>Тәрбиеші қорапты ашып, балаларға суреттерді көрсетеді. Әр баланы жеке шақырып суреттер арқылы өзінің дене мүшесі туралы айтып, олар адамға не үшін керек екенін айтады<br>- Жарайсыңдар балалар!<br>- Шаршаған шығарсыңдар, бір сергіп алайық.<br>**Сергіту сәті:**<br>Ал балалар тұрайық,<br>Алақанды ұрайық.<br>Аяқтарды кезектеп,<br>Оңға, солға бұрайық.<br>Көзімізді ашайық,<br>Езуден күлкі шашайық,<br>Алға қарай бір қадам,<br>Артқа қарай бір қадам,<br>Кезек, кезек басайық.<br>**Д/о** «Дене мүшелерін дұрыс орналастыр» | Күз<br>Үш ай<br>Қыркүйек, қазан, қараша<br>Салқын<br><br>Сары<br><br>Балалар таңданып тәрбиешінің қорабына мұқият қарайды.<br><br>- Ия<br><br>Балалар атап айтып береді.<br><br>Балалар шеңберге тұрып, мәтінге сай іс-қимылдар арқылы орындайды.<br><br>Ойынды қызыға ойнайды. |
| | **Шарты:** балалар адам сұлбасына карточкаларда бейнеленген дене мүшелерін орнына қойып шығу керек.<br>- Балалар бізге дене мүшесі не үшін керек екенін айтайықшы.<br>- Жарайсыңдар балалар!<br>**Тәрбиеші:** Балалар мен сендерге дене мүшелеріне байланысты жұмбақ жасырып көрейін, сендер мұқият тыңдап шешіп көріңдер.<br>Жағасы құрақ<br>Мөлдір суат<br>Сөз ұққыш, | Бас, шаш, құлақ, мұрын, көз, ауыз, қол, саусақтар, аяқ, табан.<br>Бас - ойлау үшін, құлақ - есту үшін, мұрын - иіс сезу үшін, көз - көру үшін, ауыз - сөйлеу үшін, қол заттарды ұстау үшін, саусақтар-сипау |

| | | |
|---|---|---|
| | Қос тұтқыш<br>- Дұрыс жарайсыңдар!<br>- Балалар дене мүшелерін қалай ұстауымыз керек?<br>- Дұрыс айтасыңдар, себебі тазалық денсаулық кепілі. | үшін, аяқ жүру үшін, табан жерді басу үшін. |
| **Рефлексифті түзетушілік** | - Балалар бүгінгі оқу қызметінде не туралы өттік? Сендерге ұнадыма?<br>Балалар барлықтарың жақсы қатыстыңдар, көптен-көп рахмет деп, балаларды мақтап, мадақтап оқу қызметің аяқтайды. | - Дене мүшелері туралы.<br>- Ия<br>Қуанады |

**Күтілетін нәтиже;**
**Нені біледі:** Өзінің дене мүшелерін ажыратып атауды.
**Нені игереді:** Сурет бойынша әңгіме айтуды.
**Нені білу керек:** Дене мүшелерінің қандай қызмет атқаратынын.

# *А.Құнанбаев «Сабырсыз, арсыз, еріншек»*

**Камзабекова Асемкул Жакатаевна**

| | | |
|---|---|---|
| Сілтеме | Әдебиеттік оқулығының әдістемесі, ғаламтор | |
| Сабақтың жабдығы | Суретті кестелер, қосымша тапсырмалар жазылған үлестірмелер. | |
| Жалпы мақсаттар<br>Оқыту нәтижесі | Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың шығармашылығымен таныстыра отырып, өлеңнің негізгі идеясын ашуға үйрету; адам бойындағы жағымсыз қасиеттерден бойын аулақ ұстауға баулу; көркем мәтіннен жұмыс істей алу дағдысын жетілдіру, оқып түйгендері туралы ой қорытындысын айтқызып жаттықтыру.<br>Түрі: аралас сабақ<br>Әдісі: сұрақ-жауап, талдау, іздену, қорытындылау.<br>Көрнекілігі: суреттер, кесте. | |
| | Мұғалімнің әрекеті | Оқушының әрекеті |
| Бағалау парақшасымен таныстыру | | |
| Топқа бөлу | Біз бүгін Абай ауылына саяхат жасаймыз, үш топқа бөлініп, әр түрлі тапсырмалар орындаймыз. Тест жұмыстарын тарату, оқушылар орындаған соң өздеріне тексертіп, қорытындысын бағалау.<br>Жаңа сабақ.Сыныпты 3 топқа бөлу.<br>1. «Абайдың өлеңдері»<br>2. «Абайдың қарасөздері»<br>3. «Абайдың әндері» | Қолдарына алған қиындыларды құрастырып, сол бойынша топқа бөлінеді. Суреттерді тақтаға іледі. |
| Ынтымақтастық атмосферасы | Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі<br>Топтастыру стратегиясы.<br>Психологиялық дайындық.<br>Балалар, бізге күн нұрын жарқырап төгіп тұр. Күнді көзімізбен көріп тұрмыз.<br>Сол жарқылмен тек жақсылықты көрейік.<br>Күннің жарқылымен әсем әуен құлағымызға жетті. Біз тек жақсылықты естиік.<br>Күн жарқырап қолымызға жетті.<br>Қолымыз тек жақсылық жасасын.<br>Сол жақсылықтың бәрін жүрегімізге бүктеп салып қоямыз.<br>Жүрегіміз тек қуанышпен соқсын.<br>- Міне, жүрегіміздегі осындай жылумен сабағымызды бастаймыз. | Оқушылар бір-біріне жақсы тілек тілеп, сыныпта жақсы ахуал қалыптастырады. |
| Үй тапсырмасын пысықтау | Үй тапсырмасын сұрау.<br>1. «Ой – қозғау» стратегиясы<br>«Орындалған арман» әңгімесі бойынша<br>1 - топ. Әңгіме басында «Үлкен той болды» деп қандай тойды айтып отыр?<br>2 - топ. Ыбырайдың неліктен қабағы түйіліп, жүзі сұп - сұр болып кетті? | Оқушылар ауызша орындайды |

| | | |
|---|---|---|
| | 3 - топ. Әңгіме неліктен «Орындалған арман» деп аталған?<br>Балалар, мен сендерге энциклопедиядан немесе интернеттен деректер іздеп келіңдер дегенмін<br>1 - топ. С. Көбеев кім?<br>2 - топ. И. Крыловтың қандай мысалдарын қазақшаға аударған?<br>3 - топ. С. Көбеев еңбегі үшін қандай құрметті атақ алған? | |
| Жаңа сабақ | Мағынаны тану:<br>Қазақ даласының сұңқары бейнебаянын көрсету<br>– Ал, балалар бейне баянды тамашалап осы бейне баянға тақырып қоямыз.<br>– Ал, кәне балалар бейнебаяннан кімді көрдік, сын тұрғысынан ойланып айтып көрейікші.<br>1. Абай қай жылы дүниеге келген?<br>2. Абайдың отбасы туралы не білесіңдер?<br>3. Абай атамыздың ескерткіштері қай қалаларда орналасқан?<br>4. Ол қай жерде білім алған?<br>5. Абайдың қандай шығармаларын білеміз?<br>6. Абай атамыз қай жылы дүниеден өткен?<br>Олай болса бүгін Абай атамыздың «Сабырсыз, арсыз, еріншек» - өлеңімен танысамыз.<br>Тақтадан өлеңді оқып беремін.<br>Өлеңде ақын адам бойындағы қандай қасиеттерді сынап тұр?<br>- Сабырсыздықты, арсыздықты, еріншектікті, күншілдікті, міншілдікті, ұятсыздықты, ойсыздықты, ұрлықты.<br>- Бұлардың барлығын бір сөзбен қалай атауға болады?<br>- Адамның жағымсыз қылықтары.<br>Ал, балалар «Түртіп алу» әдісі арқылы қаламмен түсінбеген сөздердің астын сызып отырыңдар<br>Тақтаға назар аударайық. «Алтын сандықшадағы» сөздердің мағынасы тауып көрейік.<br>Дәптермен жұмыс.<br>Өлеңді «Моншақ» әдісі арқылы оқытамын. | |
| Сергіту сәті | «Желсіз түнде жарық-ай» әнін орындаймыз. | Сергіту сәтін жасайды |
| Ой толғаныс. Ғылым таппай мақтанба және Сабырсыз, арсыз, еріншек - өлеңдерінің ұқсастығы неде?<br>- Екі өлеңде де адам бойындағы мінез-құлықтар салыстыра отырып «Кластер» әдісі арқылы жеке жұмыс жасаймыз.<br>1-топ: «Абай» туралы ойларын жазады.<br>2-топ: «Жағымды» қылықтар туралы жазады.<br>3-топ: «Жағымсыз» қылықтар туралы жазады.<br>- Абай аталарын өзінің өлеңдері арқылы ұрпағын жамандықтан жирендіріп, жақсылыққа үйретуді мақсат еткен.<br>Топтық жұмыс жасаймыз.<br>1-топ: «Шегіртке мен құмырсқа» мысалынан көрініс көрсету.<br>2-топ: Абайдың өлеңдерін оқу.<br>3-топ: Абай туралы эссе жазу. | | |
| Сабақты бекіту | Абайдың бір өлеңін хормен айтып аяқтау адамның мінез қылығына байланысты мақал – мәтелдер айту.<br>- Бүгінгі сабақтан қандай әсер алдыңдар?<br>- Ақын бұл өлеңде адам бойындағы қандай жағымсыз қылықтарды сынайды?<br>- Мен бүгінгі сабақта нені үйрендім?, Келешекте нені білгім келеді? деген сұрақтарға жауап парақтарына жауап жазу. | Саған қайсы тапсырма қиын болды? |
| Үй тапсырмасы | 3сыныпқа арналған оқу оқулығынан Абай өлеңдерінің аттарын тауып келуӨлеңді жаттау. | Оқушылар күнделіктеріне жазады |
| Бағалау<br>Кері байланыс | «Мен бүгінгі сабақтан нені үйрендім?», «Нені білмей қалдым?» сұрақтарына жауап беру<br>рефлекциялық бағалау кезеңі. Сабақ соңында топтағы жауап бергендердің саны, яғни плюстері саналады. Оқушылар өздерінің жауаптарына формативті баға береді. | Бағалау парақшасын толтырады |

# МЕНІҢ АУЫЛЫМ - САРЫКЕМЕР

**Кенжекулова Ляйла Айтбековна**

**Мақсаты:**

Балалардың туған жер, ауыл туралы түсініктерін кеңейту. Үш тілде бімдерін арттыру. Туған ауыл тарихымен таныстыру. Туған жердің қадір – қасиетін ұғынуға, өз ойларын жүйелі түрде жеткізе білуге үйрету. Туған жеріне, еліне деген сүйіспеншіліктерін, сезімін қалыптастыру. Туған Отанын құрметтеуге тәрбиелеу. Рухани тәрбие беру. Өз ойларын еркін жеткізе білуге үйрету. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

**Әдісі:** сұрақ – жауап, түсіндіру, ой – қозғау

**Көрнекілігі:** Қазақстан картасы, қанатты сөздер, ауыл туралы әндер, әуендер, бейнеролик, Сарыкемер ауылының көрнекті жерлерінің суреттері

**Барысы:**

**Ұйымдастыру кезеңі:**

**«Шаттық шеңбері»** балалар шеңбер жасап тұрады.

Психологиялық дайындық

Аспанда күн ыстық
Ал жерде кім ыстық
Әке мен шешеміз
Сүйікті тым ыстық
Бәрінен Т Ы Н Ы Ш Т Ы Қ
Деген сөз тым ыстық
Жасасын әлемде
Достық пен тыныштық!

- Балалар, бүгін мен сендерге туып өскен жеріміз, ауылымыз жайлы айтамын.

- Балалар, мына Қазақстанның картасына қараңдаршы, сендер білесіңдер ме, Қазақстан Республикасының көптеген қалалары мен ауылдары бар. Сол ауылда сендер сияқты бақытты балалар тұрады. Әр адам өзінің туып өскен жерін мақтан етеді . Мен де өзім туып өскен жерімді мақтан етемін. Сол себептен мен сендермен өздерің тұратын ауылымыз туралы әңгімелескім келіп тұр.

- Ал, балалар сендер қай ауылда тұрасыңдар?

- Дұрыс айтасыңдар.

Біз Қазақстан Республикасының Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылында тұрамыз.

- Балалар, Сарыкемер ауылында:

орталық саябақ, әкімшілік, музей, Астананың он жылдығына арналған саябақ тағы басқалар бар.

- Балалар білесіңдер ме Сарыкемер ауылының өзі екіге бөлінеді: Бәйтерек ауылдық округі, Сарыкемер ауылдық округі.

- Ал, балалар, енді мына бейне роликке назарларыңды аударыңдар.

- Мына бейне роликте сендер нені көрдіңдер?

- Дұрыс айтасыңдар.

Балалар, көрдіңдер ме біздің ауылымыз көптеген үйлер мен әдемі ғимараттар мен көркейді.

Бұның бәрін бізге кімдер соғып береді?

- Балалар сендер саяхат жасағыларың келеме?

- Олай болса біз сол әдемі жерлерге саяхат жасайық балалар.

Көзімізді жұмамыз, ал енді сиқырлы сөз айтамыз

До ре ми ұшамыз,
Біз жерге қонамыз.

Ал енді көзімізді ашайық қайда келдік балалар?

Музейге де келіп қалыппыз ғой.

Бұл музейде ата- бабаларымыздан қалған ескі заттарды осында сақтайды екен, көрдіңдер ме?

Музейдің іші өте әдемі екен.

Мынау біздің Астананың он жылдығына арналған саябақ:

Мұнда балалар ата-аналарымен қыдырып, демалып, кетеді. Онда балаларға арналған ойын-сауық орталық та бар. Мұнда балалар ойнауға ата- аналары мен келеді.

Ал мынау біздің әкімшілігіміз, мұнда Сарыкемер ауылының әкімі отырады.

Балалар саяхат жасаймын деп шаршаған боларсыңдар. Қане көзімізді жұмып балабақшаға қайтайық.

Балабақшаға қайтып келеді.

Балалар шаршаған боларсыңдар, қане бойымызды бір сергітіп алайық.

**Қара жорға әні мен бой сергіту.**

Жарайсыңдар балалар, өте жақсы билейді екенсіңдер.

- Ауыл дегенде көз алдарыңа не елестейді? – деген сұраққа не деп жауап берер едіңдер?

- Ауыл – қазақтың алтын бесігі, түп төркіні.

- Ауыл десе кең жайлау, ағынды өзен, асқар тау елестейді.

- Ауыл десе сиыр сауған апаларымыз, қымыз сапырған әжелеріміз елестейді.

- Ауыл десе асыр салып ойнаған ауылдың қара домалақ баласы елестейді.

- Ауыл десе жеті қанат киіз үйі, құрт пен майы, ірімшігі еріксіз еске түседі.

-Туған ауыл, Атамекен, Отан туралы өлеңдер оқыту, мақал-мәтелдер айтқызу.

**Артем:**

Ауылым – алтын бесігім
Жүрегім, жырым сенікі.
Кеңесті далам, кең далам
Тудым, өстім, есейдім.

**Арзу:**

1. Ауылым – алтын бесігім!
2. Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас.

**Әділет:**

1. Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.
2. Ауыл-адамның ақ бесігі!

**Аяжан:**

Ауыл десем, мал елестер көзіме
Ауыл десем, дән елестер көзіме.
Ауыл десем ер саламын құр атқа
Ауыл десем, ән естілер құлаққа.

**Мадина:**

Жайқалған шалғын
Қазына толы.
Толассыз қарқын,
Маңырап малы.
Байлығы тасқан,
Арманы асқан
Бақытты менің ауылым.

**Саяна:**

Айхой, шіркін Сарыкемерім ауылым,

Ата – ана, құрбылар мен бауырым.
Қиындыққа мойымыған әр уақыт,
Сүйем сені туып өскен, А у ы л ы м!
I love my village
It's very good
**Фелиз:**
1. Әркімге өз ауылы-жұмақ.
2. Родина - мать, умей за нее постоять.
Is a best village
You will ever meet!
**Даниял:**
Сенімді жолмен бастасын,
Халқымның алып батасын.
Аттаған жаңа заманға,
Ауылым менің жасасын!
**Сезім:**
1. Елін жамандаған елеусіз қалады,
Ауылын жамандаған атаусыз қалады.
2. Жить - Родине служить.
**Нұрсая:**
1. Родину любить - верно Родине служить.
2. Туған жердің қадірін шетте жүрсең білесің.
**Артур:**
И красива и богата
Наша Родина, ребята.
Долго ехать от столицы
До любой ее границы.
**Айлин:**
Есть своя родная земля
У ручья и у журавля.
И у нас с тобой есть она –
И земля родная одна.
**Тапсырма:**

Балаларға ауылымыздың табиғатының суретін салдыру.

Жарайсындар балар, сендер өте жақсы салдыңдар.

**Қортынды:**

- Теледидардан ауыл туралы «Туған жер» әні орындалады, балалар қосылып айтады.

- Қортындылау.

# ҮЙСІНДЕР

**Қазиева Ақмарал Елеуқызы**

| | | |
|---|---|---|
| Психологиялық дайындық | Ұйымдастыру. Сабаққа қызығушылығын таныту бағытында «тарих қойнауы» атты «Музарт» тобының өлеңін қысқаша жіберу. Оқушыларды топқа бөлу, видео слайд жіберу, сергіту сәтін ұйымдастыру, Тапсырмалар беру, арқылы тақырыпты сашып меңгерту. | Сабаққа зейнін аударады. (жасыл, қызыл, сары)<br>Өздеріне ұнайтын түсті таңдап 3 топқа бөлініп отырады. |
| Білу | Үйсін мемлекеті туралы видео жіберу, түсінік беру, шаруашылығы елдің жағдайы, қоғамдық құрлысы, қоныстануы, тұрмыс тіршілігі туралы мағлұмат беру. | Топ басшы, жұлдызша арқылы топтағы оқушылар мен өзара бай-ланысады<br>Сабақ барысында сабаққа ат салыспағандарға сыйқырлы қоржын ойнатылады.<br>Қоржында үй тапсырмалары беріледі.<br>Сабақ соңында тобындағы үздіктерді анықтайды |
| Түсіну | Мұғалімнің тапсырмалары арқылы оқушы бүгінгі тақырыпты ашып, өз түсініктерін қалыптастыру.<br>Елдің тарихи маңызын, қоныстануын, ел басқару жүйелерін, шаруашылығын тапсырма беру арқылы түсіндіру, ұйымдастыру. | Тапсырмаларды орындау арқылы жаңа тақырыпты түсініп, оқып, біліп, анықтап, меңгереді.<br>Бірін-бірі бағалайды. |
| Қолдану | Үйсін тайпасы туралы видео көрсету. Оқулықпен жұмыс жасай отырып тапсырма беремін<br>1. Тапсырма: Жеделдетілген сұрақтар беру. Үйсін елінің тарихы, қоныстары, қоғамдық құрлысы бойынша топ жұмысы<br>2. Тапсырма: Ой жүйесін дамыту. Құрастыру, ойлау қабілеттерін анықтау мақсатында мозайка тапсырмасы беріледі. Онда 3 топ суретке қарап үйсіндердің бейнесін шығарады. Артында сұрақтар тұрады.<br>3. Тапсырма: Жылдар сөйлейді.<br>4. Тапсырма: ребустар шешу | Тапсырмалардыөз бетімен орындайды, топ болып бөліседі, жауап береді |

| | | |
|---|---|---|
| | Сергіту сәті: үйсіндер жылқыға бай болғандықтан жылқыдан жасалатын қазы, құрттан ауыз тигізу.<br>5. Сыйқырлы қоржын ойынынын ұйымдастыру. | |
| Талдау | Топтық жұмыс кезінде тапсырмалардың орындалуын, тақырып бойынша берілген жұмыстарға жауап беруін, мозайка құрудағы ой ұшқырлығын, кім шапшаңдығын байқау. | Топ болып орындайды.<br>Топ басшысы және өзім баға беремін (жұлдызша арқылы) |
| Жинақтау | Тақырып бойынша оқушылар не түсінігін білу үшін тест, желдетілген тапсырмаларын интер тақтаға жазып оқушы ойын жинақтау | Мұғалім берген тапсырмаларды орындау арқылы білімдерін жинақтайды. |
| Бағалау | Сабақ барысында оқушыларға өз топтарындағы әрбір мүшесін топ басшысы бағалау тапсырмасы берілген болатын, осы бағыт бойынша топ басшысын сөйлетіп, мұғалім өзінің ойын, топ басшысымен бағасын салыстырмалы түрде қойылатынын жеткізеді. | Қорытынды.<br>Өз ойларын жеткізу,топ басшысы өзінің тобына қандай баға қойғанын жеткізеді. |
| Үй тапсырмасын бер | Үнді елі туралы қысқаша түсінік жазып келу. Өткен тарауға дайындалу | Тапсырманы жазып алады. |
| Рефлексия | Бүгінгі сабақта ұққандарын «қураған ағаш» әдісі бойынша кері байланыс жасау. Оқушылырға стикен таратылады сол бойынша оқушылар бүгінгі сабақта не ұққандарын ағашқа жабыстырады. | Стикер арқылы жұмыс жасау. |



# TEENS AND EXERCISE

**Қонысова Нұргүл Дарханқызы**
Педагог-модератор, ағылшын тілі пәні мұғалімі
Ә.Әбутәліпов атындағы №209 орта мектеп
Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Түгіскен ауылы



| | |
|---|---|
| **Learning objectives** | 8.4.2.1 - understand specific information and detail in texts on a growing range of familiar general and curricular topics, including some extended texts;<br>8.6.15.1 - use infinitive forms after a limited number of verbs and adjectives; use gerund forms after a limited variety of verbs and prepositions; use some prepositional verbs and begin to use common phrasal verbs on a growing range of familiar general and curricular topics;<br>8.2.2.1 - understand with little or no support most specific information in extended talk on a wide range of general and curricular topics;<br>8.3.6.1 - link comments with some flexibility to what others say at sentence and discourse level in pair, group and whole class exchanges;<br>8.5.1.1 - plan, write, edit and proofread work at text level with little support on a range of general and curricular topics;<br>8.5.5.1 - develop with support coherent arguments supported when necessary by examples and reasons for a growing range of written genres in familiar general and curricular topics. |
| **Lesson objectives** | **All learners will be able to**<br>know new vocabulary<br>read for specific information<br>skim and scan the main idea of the text<br>learn phrasal verbs with put<br>**Most learners will be able to**<br>- discuss the questions and select the necessary information<br>- consolidate new vocabulary<br>- complete tasks following the instructions<br>- learn phrasal verbs with put<br>**Some learners will be able to**<br>express opinions an accordance<br>give constructive feedback<br>learn phrasal verbs with put<br>develop logical thinking through speaking skills |

| **Previous learning** | Conditionals<br>consolidate new vocabulary | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Plan** | | | | |
| **Stages / Time** | **Teacher's actions** | **Students actions** | **Assessment** | **Resources** |
| Begining<br>8 min. | GREETINGS<br>- Good morning, students!<br>- How are you today?<br>- I'm great! Thank you!<br>**Warm up: "Yes, No, Stand up"**<br>Teacher tells student that answering "yes" means stand up and answer "no" means sit down. Next,Teacher asks student questions:<br>- Do you like chocolate?<br>- Do you like to run?<br>- Do you do exercise in the morning? etc.<br>**Revise the materials of the previous lesson. Conditionals.**<br>Teacher gives the task from the en.islcollective.com<br>Teacher divides students into 2 groups using wordwall<br>**The first group** - "Health"<br>**The second group** - "Exercise"<br>Teacher shows the picture and ask some questions.<br><br>What can you see in this picture?<br>What do you mind about what is our topic today. Try to guess it. Have you any idea?<br>Yes, you are right. The theme today's lesson is teens and exercise.<br>**To inform the students about aim of the lesson.** | - Good morning Teacher!<br>- We are fine! And you?<br><br>Students answer the questions. If they want to answer 'yes' they stand up.<br><br>Students do the task<br><br>Students divide into 2 groups by choosing numbers 1,2.<br><br>Students answer the questions. They guess the theme of the today's lesson | Verbal evaluation | Active board<br><br>https://en.islcollective.com/english-esl-video-lessons/grammar-practice/general-grammar-practice/conditionals/gru-zero- and-first-conditionals/371809<br><br>https://wordwall.net/ru/resource/38989544/dividing -into-group |
| Middle<br>30 min. | **Pre - watching questions**<br>How do you think, what should teens do to escape all problems?<br>**Watching the video**<br>What did you understand from this video? Give your own opinions.<br>**New vocabulary**<br>Teacher gives students time to look up the meanings of the words in the Check these words box. Teacher asks students to explain the words in bold in the text.<br>**To read for cohesion and coherence; to consolidate new vocabulary**<br>Ask Ss to read the parts of sentences (1-7) and then allow Ss time to read the text again and complete the task. Check Ss' answers.<br>**Group work.Step by step.**<br>What do you think are some of the benefits of exercising for teens? Read the text again | Students answer the question<br>Students watch the video and give their own opinions.<br>Studens repeat chorallyand individually<br>Students read the text again and complete the task | Teacher will give them evaluation papers to each group. If they answer or do the instruction they will be given one sticker | Power Point presentation<br><br>ebook<br><br>Sticker |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | and find out. Read the text with techniques of «Scanning and Skimming»<br>**To present and practise phrasal verbs with put**<br>Read out the box and explain the task. Give Ss time to use them to complete the sentences. Check Ss' answers and read out the Study Skills box and elicit sentences from Ss around the class (optional).<br>**To present and practise prepositional phrases**<br>Explain the task and give Ss some time to complete it then check Ss' answers. | Students find out benefits of exercise for teens<br>Students use phrasal verbs to complete the sentences.<br>Students complete the sentences with prepositions | If they do the tasks and learners will take a sticker | ebook |
| End<br>5 min. | REFLECTION<br>**Feedback**<br> - The lesson was interesting<br> - I have a question<br> - I don't like<br>**Home task:** Make your own sentences using the phrasal verbs you have learnt.<br>**Saying good-bye** | Students give their feedback. | The groups will evaluate each other with a "Thumb" Then groups count their stickers and find out the winners |  |

# *Қиялдауға тән кейбір ерекшеліктер*

**Қуанышева Гүлфайруз Қуанышқызы**

| | |
|---|---|
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | О1. Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау.<br>Ж1. Берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру. |
| **Сабақтың мақсаттары** | **Барлық оқушылар орындай алады:** Мәтіндегі ақпаратты оқиды, жоспар құрылымын біледі.<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты ажыратады.<br>**Кейбір оқушылар орындай алады:** Жүйелі жоспар құрып, өз көзқарасын жоғары деңгейде білдіреді. |
| **Бағалау критерийі** | Негізгі және қосымша ақпаратты іріктейді.<br>Жоспар құра алады. |
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар орындай алады:** Негізгі және қосымша ақпаратты түсініп, оқылым дағдысы қалыптасады. Жоспар құру алады.<br>**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** қиял ерекшеліктері, жеке қызығушылық, ересек адам мен жасөспірім қиялы, қарапайым жоспар, кіріспе, негізгі, қорытынды бөлім<br>**Диалог және жазылымға пайдалы тіркестер:**<br>Мен мынадай дәлелдер келтіремін...<br>Оның себебін... деп түсіндіремін.<br>Біздің пікірімізше... Олай ойлауға ... себептер бар.<br>**Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>1. Адамның қиял ерекшеліктері неге мақсатпен байланысты?<br>2. Ерсек адам мен жасөспірім қиялының айырмашылығы қандай?<br>3. Қазақ баласының қиялы жүйрік деген Мағжанның пікірімен келісесің бе? |
| **Сабақта қамтылатын құндылықтар** | **Ынтымақтастық:** өзгенің пікірін сыйлау, жұптық және топтық жұмыстар орындау барысында өзіне және айналадағы адамдарға деген құрмет; өз пікірін білдіру барысындағы **ашықтық;** өмір бойы **үздіксіз білім алу.** |

| | |
|---|---|
| **АКТ қолдану дағдылары** | Осы сабақ барысында оқушылар Power Point бағдарламасынан тақырыпқа қатысты көрнекі құралдарды пайдалану үшін интерактивті тақтаны қолдану. |
| **Пәнаралық байланыс** | Өзін-өзі тану, әдебиет, бейнелеу өнері |
| **Алдыңғы оқу** | Ақпаратты түсінеді, қарапайым жоспарды біледі;<br>Алдына мақсат қоя біледі. |

**Жоспар**

| **Жоспарланатын уақыт** | **Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер** | **Дерек көздер** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 минут | Ұйымдастыру бөлімі<br>**«Аудиториядағы заттар» ширату жаттығуы.**<br>Аудиторияда бар **кітап, шам, сағат** суреттерін таңдау арқылы оқушылар үш топқа бөлінеді, суреттің өзіне немесе өзінің көңіл-күйіне ұқсастығын қиялмен топ болып ойластыра айтады.<br>Мысалы, «Шам бізге ұқсас екен: біздің де көңіліміз қазір жарқырап тұр!» Мына кітап бізге ұқсас екен: білгенімізді құрдастарға үйретсек деп тұрмыз! т.б.<br>Бүгінгі тақырып атауы қандай болуы мүмкін?<br>Тақырып пен оқу мақсаты айтылады. | сурет |
| Сабақтың ортасы<br>30 минут | **Оқылым алдындағы тапсырма.**<br>Сурет бойынша сұрақтар:<br>  -<br>Қиял-ғажайып ертегілері мен ғарышқа ұшудың қандай байланысы болуы мүмкін?<br>- «Егер иттің түсіне сүйек кірсе, саудагердің түсіне ақша кіреді» деген мақалды қалай түсінесіздер?<br><br>**Оқылым кезіндегі тапсырма**<br><br>**С. Иллюстрация әдісі.** Тапсырма: Суреттер қай мәтін бөліктеріне сәйкес екенін табу үшін мәтінді оқып, әр бөліктен 2 негізгі және 2 қосымша ақпаратты анықтайды.<br>**Топтық өзара бағалау: «Басбармақ»** Оқушылар өз жетістіктерін қалай сезінетінін көрсету мақсатында бас бармақтарын жоғары көтереді, көлденең немесе төмен түсіреді.<br>**ТЖ. Оқылымнан кейінгі тапсырма**<br>**«Крестіктер мен нөлдіктер» әдісі.**<br>**Тапсырма:** Көп деңгейлі сұрақтарға жауап беру | суреттер<br><br>Иллюстрация |

| | | |
|---|---|---|
| 1. Адам қиялына не әсер етуі мүмкін? | 2. Қиялдың түрлі болуы неге байланысты? | 3. Қазақ баласының қиялы қандай болу керек? |
| 4. Қиял дегеніміз не? | 5. Ересек адам мен жасөспірімнің қиялын неге салыстыруға болмайды? | 6. Ұлттық ерекшеліктерден адам қиялы көріне ме? |
| 7. Мақсат пен қиялды қалай байланыстырар едің? | 8. Адам қиялына тән ерекшеліктер қандай? | 9. Қазақ баласының қиялы жүйрік болуы неліктен? |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>



**Бағалау:** Топ мүшелері өзін-өзі бағалайды. Топ ішінде сұрақтарға жауап бергенде өздерін қай қатардан (көшбасшы, дамытушы, ілесуші) көрсеткенін вагондарға жазады.<br>
**Дескриптор**<br>
- мәтінді түсініп оқиды.<br>
- суреттер арқылы 2 негізгі және 2 қосымша ақпаратты айтады.<br>
- сұрақтарға жауап беріп, негізгі ақпаратты анықтайды.<br>
**ТЖ. Жазылым алды. Тапсырма: тақырып пен мысалды сәйкестендіреді.**

<table>
<tr><td>Қиялдың ерекшелігі</td><td>Мысалы</td></tr>
<tr><td>Адамның қиялы оның қызығушылығы мен қасиеттеріне, мақсатына байланысты</td><td>«сары сайран далада туып өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиісті»</td></tr>
<tr><td>Адамның жас және дара ерекшеліктеріне де, білім тәжірибесіне де байланысты</td><td>Алға қойған мақсатты жоспарлап, жүзеге асырудың жолдарын іздестіру қиялсыз мүмкін емес.</td></tr>
<tr><td>Қиял адамның өскен ортасына, ұлттық ерекшелігіне, табиғатқа байланысты</td><td>Ересек адамның қиялы мен айтналасын енді тани бастаған жасөспірімнің қиялын салыстырып, бағалауға болмайды.</td></tr>
</table>
</td>
<td>Кесте<br><br>Бағалау суреті</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>
**Жазылым кезіндегі тапсырма.** Балық қаңқасының жоғары бөлігіндегі жоспар құрылымына қарай төменгі қаңқаларға талқылау сұрақтарына жауап ұсыну. Жоспар құру.<br>
**Ж. Фишбоун әдісі**




**Барлық оқушыларға** қолдау көрсету: жоспар құруға сөйлемдер жазылған карточкалар<br>
«Жинау мақсат болса, алтын ба, тас па бәрібір»<br>
«Еттің, өттің, мақсатыңа жеттің»<br>
«Әркімде бар бір қиял, ал қиялды кім тияр»<br>
«Арманың орындалады мақсатың айқын болса»<br>
«Қиял қыр асырады»<br>
«Қиял-рухани қажеттілік»<br>
«Қиялдағы тілекті, қолдағы тірлік билейді»<br>
«Қиял ақиқатқа жетелейді»<br>
**Дескриптор**<br>
- сұрақтарға нақты жауап береді.<br>
- қарапайым жоспар жазады.<br>
- бір сөйлеммен қорытындылайды.<br>
**Мұғалімнің бағалауы:** Жарайсың! Тамаша жұмыс! Жүйелі құрылған! т.б.
</td>
<td>Үлестірме материал-дар, оқулық.<br><br>слайд</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br>5 минут<br><br>Үй тапсырмасы</td>
<td>


1-саты. Білдім.<br>
2-саты.Түсіндім.<br>
3-саты. Қолдандым.<br>
«Менің қиялымдағы мектеп» тақырыбында сурет салу
</td>
<td>стикер<br></td>
</tr>
</table>

| **Қосымша ақпарат** | | |
|---|---|---|
| **Дифференциация – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?** | **Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?** | **Пәнаралық байланыс**<br>**Қауіпсіздік ережелері**<br>**АКТ-мен байланыс**<br>**Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент)** |
| Дифференциацияны берілетін тапсырма, күтілетін нәтиже, қолдау көрсету, бөлінетін уақыт, қолданылатын дереккөздер арқылы жүзеге асыруға болады.<br>Дифференциация сабақтың кез келген бөлімінде қолданылады.<br>**Оқушыларға қолдау көрсету бағыттаушы сұрақтар арқылы жүзеге асырылады.**<br>**Оқушылардың көбі ақпараттар бойынша ойларын айтады, сәйкестендіреді, бағалайды.**<br>**Қабілеті жоғары оқушылар иллюстрация әдісі, көп деңгейлі сұрақтар, «Фишбоун» әдістері арқылы ұтымды ойлар айтады, жоспар құруда креативті идеялар ұсынады, бағалауда нақтылық көрсетеді.** | Бұл бөлімді оқушылардың сабақ барысында алған білімдерін бағалау үшін қолданылатын әдіс-тәсілдеріңізді жазу үшін пайдаланыңыз.<br>Жұмыс нәтижесі критерийлер арқылы бағаланды.<br>*Дескрипторларға негізделген жүйеде бағаланады.<br>*Мұғалімнің кері байланысы: **«Жарайсың, керемет, жоспар жүйелі құрылған» т.б.**<br>*Өзін-өзі бағалауы: **«Көшбасшы, дамытушы, ілесуші»**<br>*Топтың бірін бірі бағалауы: **«Бас бармақ»** | Сабақ жоспарын құру үшін сізге өзге пән мұғалімдерінің көмегі керек пе?<br>Берілген тапсырмалардың қайсыбірі оқушылардың қауіпсіздігіне немесе денсаулығына қауіп төндіре ме?<br>Оқушылар сабақ барысында өздерінің АКТ дағдыларын дамыта ала ма?<br>Осы сабақ барысында НЗМ құндылықтарын дамытуға қандай мүмкіндік бар?<br>Пәнаралық байланыс- өзін-өзі тану, бейнелеу, әдебиет.<br>Интерактивті тақта сабақ материалдарын демонстрациялау мақсатында қолданылды. |
| **Ойлану**<br>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары жүзеге асырымды болды ма?<br>Бүгін оқушылар нені үйренді? Сыныптағы оқу атмосферасы қандай болды? Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді ме? Мен жоспарланған уақытымды ұстандым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен? | **Төменде берілген бөлімді осы сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін пайдаланыңыз. Сол жақ бағанда берілген сабағыңызға қатысты ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз.**<br>Оқу мақсаты жүзеге асты. Оқыту мен оқу үдерісінде жағымды ахуал қалыптасты. Саралау әдістері жүргізілді. Келесі тақырыпта креативтілік принципін қолдануға болады. Жоспар құрылымына байланысты шағын мәтін жазуды енгізуге болады. | |
| **Жалпы баға**<br>Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты)?<br>1: таңдалған белсенді оқыту әдістері<br>2: топтық жұмыста саралау әдістері<br>Қандай екі нәрсе сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (сабақ беру және оқытуға қатысты)? 1:, 2:<br>Осы сабақ барысында сынып немесе жеке оқушылар туралы менің келесі сабағыма дайындалу үшін қажет болуы мүмкін қандай ақпарат алдым? | | |

# ҰСТАЗЫМА

**Сағит Каусар**
№2 Ембі қалалық ЖББОМ нің 4 "Ә" сынып оқушысы
Жетекшісі: №2 Ембі қалалық ЖББОМ нің бастауыш сынып мұғалімі:
**Куандыкова Асель Булатовна**
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Ембі қаласы

Ұстазым менің Ұстазым
Анашыма ұқсадың
Күлімсірей қарап көзіме
Қағаз, қалам ұстаттың
Әліппені ашқызып
Әріптерді үйреттің

Қалам алып қолыма
Жазуды да үйреттің
"Жақсы оқып ұғындар!"
Деп бізге жөн сілтедің
Рахмет сізге ұстазым
Ұстазым, менің Ұстазым!!!

# "Қобыз аспабында қолданылатын штрихтар" А.Жұбанов "Көктем"

**Оспанова Н.К.**
ҚҚМК «Балалар өнер мектебі»
Семей қаласы

**Әдістемелік мақсаты:** Аспаптық шығармашылық арқылы оқушылардың бойындағы мәдени құндылықтарды дамыту.

**Білімділік мақсаты:** Оқушыны шығармамен жұмыс жасай білуге үйрету. Шығармада кездесетін әр түрлі штрихтармен жұмыс істей білуге үйрету. Қазақстан Республикасының өнер мәдениет қайраткері, композитор, ҚР халық артист,академик А.Жұбанов туралы мағлұмат беру.

**Тәрбиелік мақсаты:** Оқушының музыкаға деген суйіспеншігін арттыру, жүрегіне патриоттық сөзім ұялату, ойнаған шығармаларын дәріптей білуге тәрбиелеу. Әуеннің әсемдігін сезінуге, өз халқының музыкалық мұрасынан эстетикалық тәлім-тәрбие алуға тәрбиелеу.

**Дамытушылық мақсаты:** Музыкалық шығармалар арқылы оқушының ойлау, есте сақтау қабілеттерін, нотаны ести білу қабілетін дамыту.

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:**

• Түсіндіру

• Ойнап көрсету

• Сұрақ – жауап.

**Сабақтың мақсаты:**

• Штрихтармен жұмыс (деташе, легато, акцент, триоль)

• Нотаны қолма-қол оқи білу тәсілі, дыбысты таза алу, бір позициядан екінші позицияға таза түсу.

**Сабақтың жоспары.**

I. Ұйымдастыру.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

1) Гамма "D-dur", "G-dur" әртүрлі штрихтарда ойнау. Деташе, легато, стаккато.

2) Тәттімбет "Сылқылдақ"

III. Жаңа сабақ:

1) Гамма "G-dur" әртүрлі штрихтармен жұмыс жасау. Штрихтар туралы мәлімет беру.

2) Композитор А.Жұбановтың өмірі мен творчествосы.

3) Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар арқылы тыңдату.

4) А.Жұбанов "Көктем" пьесасын талдау.

VI. Сабақты бекіту.

V. Қорытынды: Сұрақ-жауап. Сөзжұмбақ шешу.

VI. Үй тапсырмасын беру.

VII. Бағалау.

**Сабақ барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі:** Оқушыны аспапқа дұрыс отырғызып, аспаптың құлақ күйін тексеру.

**II. Үй тапсырмасы:**

Гамма D – dur штрихтармен ойнау, D – dur гаммасында неше белгі бар? Диез дегеніміз не? Деген сұрақтарға жауап алсам.

Тәттімбет "Сылқылдақтың" мәтінін тексеру, сүйемелдеушімен қосылып ойнату. Шығарманы ойнау барысында жіберген қателерді түзету.

**III. Жаңа сабақ:** Бүгінгі өтетін жаңа сабағымыз "Қобыз аспабында қолданылатын штрихтар" Штрихтар - неміс сөзі - сызық, белгі деген мағынаны білдіреді. Музыкада, штрих-дыбыс шығару деген ұғым. Штрих атауы ысқыш жүргізудің белгілі бір тәсілін көрсету үшін қойылатын сызықтар, доға, нүкте секілді белгілеуінен шыққан. Қобыз аспабында орындалатын штрихтарды мынадай топтарға бөлуге болады:

1. Сазды, созылмалы-деташе, легато, партато, жұмсақ акценттік барлық түрлері.

2. Қысқа немесе үзілмелі-мартле, стаккато.

3. Секірмелі және лақтырмалы - спиккато, тремоло, ұшпалы стаккато.

4. Аралас штрихтар (алдыңғы айтып өткен штрихтардың біріктірілген түрі). Әр штрихты түсіндіре отырып, ойнап көрсетемін.

Бүгін біз Қазақстан Республикасының өнер мәдениет қайраткері, композиторы, ҚР халық артисі, академик А.Жұбановтың "Көктем" пьесасын талдаймыз.

**Өмірбаяны:** А.Жұбанов Ақтөбе облысы, Жұрын ауданында орта шаруаның отбасында дүниеге келген. Өнерге ынтасы жас кезінен оянған Ахмет үлкендердің көмегімен домбыра, мандолина, балалайка, гитара, скрипкада әуесқой қызығушылығымен ойнауды игерді. Мектепте оқушы балалардың халық аспаптар оркестірін ұйымдастырсам деп армандайды. Сол арманына жете біледі. 1925 жылы Ақтөбе қаласындағы мұғалімдер даярлайтын бір айлық курсты бітіріп, өзі өскен ауданда ұстаздық қызметін атқара жүріп, жастардан драма, музыка үйірмелерін ұйымдастырып басқарды. 1936 жылы "Еңбегі сіңген", 1944 жылы "Халық артисі", консерватория директоры, профессоры, өнертану ғылым докторы, Қазақстан ғылым академиясының академигі деген құрметті, ғылыми атақтарға ие болды. 1933 жылы "Музыка әліппесі", "Ғасырлар пернесі" 1958 жылы "Құрманғазы Сағырбайұлы" 1960 жылы "М.Төлебаев", "Замана бұлбұлдары" 1963 жылы "Ән күй сапары" 1976 жылы "Өскен өнер" 1985ж. "Абай" операсы 1944ж. либреттосы, "Мұхтар Әуезов", "Төлеген Тоқтаров" операсы 1947ж. Л.Хамидимен бірлесіп жазды. Сонымен қатар көптеген әндер: "Отан", "Ақжелкен", "Лирикалық ән", "Серт", Майданнан хат", "Ақ көгершін", "Қарлығаш ", "Біздің ел", "Жылқышы". Аспаптық музыкалар: "Тәжік билері", "Қазақ биі", "Ария", "Романс", "Көктем".

Бүгінгі өтетін "Көктем" пьесасына тоқталсам, тональділігі "G-dur" фа – диез белгісі бар. Өлшемі 3/4. Шығармада жарты, ширек, сегіздік ноталар кезігеді. Шығармада нүктелі нота кездеседі. Allegretto (жылдамдау) екпінде ойналады, ортаңғы бөлікте соло ойналады. 3 ші бөлік қайта алдыңғы темпке ауысады.

Шығармада легато штрихымен, деташе, триоль штрихтары кезігеді. Mf-дан басталып, p, <>, сияқты динамикалық белгілер кезігеді. Сондай ақ пьесада паузалар бар. Триольдар легато штрихымен ойналады.

Үшінші бөлік меццофортеден басталып, фортемен

аяқталады. Оқушыға «» шығармасын аспапта ойнап көрсетемін. "Көктеммен" таныстық. Енді талдайық.

Қай тональділікте жазылған шығарма? Шығарма "G-dur"жазылғанекен.Солтональділіктегаммаойнайық.




**VI. Бекіту. Талданған шығарманы бекіту.**

**V. Қорытындылау.**

Талданған шығарманы берілген жерге дейін ойнап, түсінбеген жерлерін ойнап көрсету. Сөз жұмбақ шешу.

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| С | Т | А | К | К | А | Т | О | | |
| | А | Қ | Т | Ө | Б | Е | | | |
| | | О | Р | К | Е | С | Т | Р | |
| Л | Е | Г | А | Т | Т | О | | | |
| | Ө | Л | Ш | Е | М | | | | |
| | | | | М | П | | | | |

1. Қысқа секірмелі (үзілмелі) штрих.
2. А.Жұбанов қай облыста дүниеге келген?
3. Композитор қобыз аспабын қайда қосу үшін жаңғыртты?
4. Шығармада көп ойналатын штрих.
5. Скрипка кілтінің жанындағы цифралар не?
6. До мажордың 3-ші нотасы?

**VI. Үйге тапсырма беру.** Гамма "G-dur" мажор штрихтармен ойнау. Білетін шығармаларды қайталау. "Көктемді" берілген жерге дейін ойнап келу. А.Жұбанов шығармашылығын оқып келу.

**VII. Бағалау.**

**Қолданылған әдебиеттер:**

Қобыз үйрену мектебі. Өнер, 1983ж.
Музыка әлемінде 2005ж.
Скрипкаға арналған хрестоматия.1980ж.
Қылқобызға арналған хрестоматия. Білім 2012ж.

# *БІЗДІҢ КАФЕДЕ. БУЫН*

**Сыздықова Ақтолқын Борашқызы**

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың мақсаты: | 1.1.7.1 тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ ұнамайды)<br>1.1.1.1. Тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату. Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну.<br>1.1.9.3. Сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау.<br>1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе иллюстрациясы бойынша болжау.<br>1.3.7.1 Мұғалімнің көмегімен сөз, сөйлем. Мәтінді тексеру және қателерін түзету.<br>1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті сөлдер, сызбалар, суреттер белгілерін қолдана отырып жай сөйлемдер мәтін құрастыру және жазу. | |
| Оқу бағдарламасына сілтеме | 2.2 Оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну.<br>1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.<br>1.5 Түрлі жағдаяттарда тілдік ормаларды дұрыс қолдану.<br>1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту.<br>3.5 Мәтінді түрлі формада құрастыру.<br>1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту.<br>1.1. Тыңалған материалдың мазмұнын түсіну<br>1.4 Оқиғаны болжау | |
| Ойлау деңгейлері: | Білу, түсіну, қолдану, талдау, құрастыру, бағалау | |
| Бағалау критерийлері | 1. Сөзді буынға бөледі<br>2. Сөздегі буын санын анықтайды<br>3. Буындардан сөз құрастырады<br>4. Сөзді буынға бөледі және сызбамен көрсетеді. | |
| Құндылықтарды дарыту | Адамгершілік, ізеттілік, достық | |
| АКТ қолдану дағдылары | Интернет желісі | |
| Тілдік мақсат: | Оқушылар буынның жасалу жолын талқылайды. | |
| Талқылауға берілген сұрақтар | Әріптер мен дыбыстардың айырмашылығы қандай?<br>Буынды қандай дыбыстар құрайды?<br>Буынның қандай түрлері болады? | |
| Бұған дейін меңгерілген білім | 1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін ажырату және дұрыс дыбыстау | |
| Жоспар | | |
| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған тапсырмалар | Дереккөздер/ ресурстар |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | Шаттық шебері<br>Үлкенге де сіз<br>Кішіге де сіз<br>Барша жұртты құрметтеп<br>Бас иеміз біз.<br>- Балалар, өткен сабақты пысықтап жіберейік<br>«Алтын сақа» ойыны<br>Өткенді пысықтауға арналған сұрақтар:<br>1) Дыбыс дегеніміз не? Әріп дегеніміз не?<br>2) Дыбыстар нешеге бөлінеді?<br>3) Дауысты дыбыстар қалай айтылады? Оларды ата.<br>4) Дауыссыз дыбыстардың қандай түрлері бар? | Топқа бөлу.<br>әріптермен топқа бөлу<br><br><br><br><br><br><br>дыбыс түрлерін сатылай талдату |
| Сабақтың ортасы | «Талдау» әдісі<br>- Балалар, мына суреттерге мұқият қарап, суреттердің бірінші әріптерінен сөз құраңдар.<br>Оқулықпен жұмыс<br>- Бүгінгі сабағымыз буын туралы болмақ.<br>Әли мен Мерейдің диалогін рөлге бөліп оқып көрелік.<br>BILIM Land IMektep<br>буын туралы видеоролик көрсетіледі.<br>1-жаттығу. Суретке қарап сыныпта «Біздің кафе» бұрышын жасауды ойластырайық.<br>- Кафеге келген қонақтарды қалай қарсы аласыңдар?<br>- Өтінемін, - Мүмкін болса, - Ғафу етіңіз, - Кешіріңіз сөздерін қандай жағдайда қолданамыз?<br>- Кафеміз қандай болуы керек?<br>- Даяшы қандай болу керек?<br>- Қонақтар қандай болу керек? – Ал балалар, біздің кафеміз әдемі болғанын қалайсыңдар ма?<br>Тамақтану әдебі туралы айтып өтемін.<br>**Дескриптор:** Білім алушы<br>- сурет бойынша әңгімелейді;<br>- сұрақ-жауапқа қатысады.<br>2-жаттығу. Әңгімені тыңда. Не дәмді? Мәтінін мәнерлеп оқытып, талдатамын.Сұрақ-жауап аламын.<br>**Дескриптор:** Білім алушы<br>- мәтінді оқып, оқығаны бойынша өз ойларын ашық айтады;<br>- мәтін мазмұнына қарама-қарсы пікір айтып, дәлелдеулер жасайды.<br>Дәптермен жұмыс<br>та-уық, та-ры, мы-сық, сү-йек сөздерін буынға бөліп жазады.<br>Берілген сөздерден буын санын анықтайды. | БУЫН сөзіне дыбыстық талдау оқулық<br><br>BILIM Land<br>http://bilimland.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Көркем жазу үлгі дәптер |
| Сергіту сәті: | Біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз -<br>Бас бармағым - атам,<br>Балаң үйрек - апам<br>Ортан терек - ағам<br>Шылдыр шүмек - мен<br>Кішкентай бек - сен.<br>**Ойлан, бірік, бөліс**<br>Шығармашылық тапсырма:<br>**1-топ:** “Пирамида” әдісі<br>Дескриптор: Білім алушы<br>- бір буынды сөздерді атайды;<br>- екі буынды сөздерді атайды;<br>- үш буынды сөздерді атайды.<br>- төрт буын сөздерді атап, құрастырып жазады<br>Бағалау: “Бағдаршам әдісі”<br>**2-топ:** «Рөлдік ойын» әдісі сахналау<br>Дескриптор: Білім алушы<br>- Мәтінді түсініп оқиды; | Қимылды жаттығу<br><br><br>Топтық жұмыс |

| | | |
|---|---|---|
| | - әр кейіпкерді сахналап шығады.<br>Бағалау: "Қолпаштау" әдісі<br>**3-топ:** "Бірге ойлаймыз" әдісі<br>Дескриптор: Білім алушы<br>- адам ағзасына пайдалы, зиянды тағам түрлерін анықтайды;<br>- өз бетінше талдап, қорытынды жасайды.<br>Бағалау: "Жұлдызша" әдісі<br>**4-топ:** "Зерттеу" әдісі<br>Дескриптор: Білім алушы<br>- суреттердің атын табады, буын санын айтады;<br>- сөздегі буын санын цифрмен көрсетеді.<br>Бағалау әдісі: "Шапалақ әдісі"<br>3-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жаз. Сөйлемдегі сөздердің буын санын анықта.<br>Тары адам ағзасына пайдалы. Тарыдан түрлі тағамдар жасалады.<br>**Дескриптор:** Білім алушы<br>- тары дәнінің пайдасы жайлы әңгімелейді;<br>- сөйлемдегі сөздердің буын санын анықтайды.<br>4-жаттығу. Жұппен жұмыс:<br>Дескриптор: Білім алушы<br>- буындардан сөз құрап айтады;<br>- мақалдың мағынасын бір-біріне түсіндіріп айтып береді. | Жұппен жұмыс: |
| Қорытынды бөлім | "Балалар философиясы" әдісі<br>(Жеке жұмыс)<br>Дескриптор: Білім алушы<br>- сөздің бірінші буыны беріледі, келесі буынды қосып сөз жасайды;<br>- сөзге дыбыстық талдау жасайды.<br>Бағалау әдісі: Жетістік баспалдағы әдісі<br>Балалар, биыл еліміздің бас қаласы - Астана қаласының құрылғанына 20 жыл толып отыр екен. Сендер Астана қаласына саяхаттап барғыларың келеді ме? | карточка |
| Сабақтың соңы | - Ендеше балалар, бүгінгі сабақтан не білдік? - Не үйрендік? - Не ұнады?<br>Кері байланыс.<br>«Паровозбен саяхат» стратегиясы арқылы сабақты қорыту. | «паровоз» суреті, стикерлер |
| Бағалау<br>Қызыл жұлдыз - 5 – Бәрекелді! Көк жұлдыз - 4 – Жарадың! Сары жұлдыз - 3 – Ойланып көр! | | |
| Қорытынды бағамдау<br>Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1: Ойын арқылы өткенді пысықтау 2: Видео көрсетілім, тыңдалым<br>Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1: Топпен жұмыстануға қызығушылық болғаны 2: Түрлі әдістің бір сабақта қамтылуы<br>Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?<br>Баланың жұппен жұмыс жасау арқылы жақын арада дамуы. | | |

# ЛЭПБУК – МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТИІМДІ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

**Тусупова Махаббат Аманжоловна**
Премиум дәрежелі «Алтын бесік» балабақшасының жоғары санатты тәрбиешісі
Қарағанды қаласы

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының негізгі білім беру бағдарламасымен бірге үлес қосатын перспективалық әдістердің бірі лэпбук жасау болып табылады. Лэпбук – бұл интерактивтік папка, оқу қызмет түрлерін жүзеге асырады, олардың интеграциялануын қамтамасыз ете алады.

**Мақсаты:** Лэпбук пайдалану негізінде балалардың білімін дамытуда тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

**Міндеттері:**

1. Тәрбиешілерді «Лэпбук» технологиясымен таныстыру.
2. Лэпбук технологиясының жүйелілігін, сұрыптау ақпаратын көрсету.
3. Тәрбиешілердің шеберлік деңгейін көтеру.

**Өзектілігі:** Мемлекет балабақшаларда білім беру және тәрбие жұмысының сапасына қазіргі заманғы талаптарына сай болып жүруге тәрбиешілерден үнемі

өз бетінше білім алуға, кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруға және қажетті білім беру технологиясына ие болуға тиіс екен талап етеді. Әрбір тәрбиеші өз педагогикалық қызметінде жаңа тәсілдер, идеялар, нысандар мен әдістерді іздейді, олар мектеп жасына дейінгі балаларға қызығушылық тудырады және олардың жасына сәйкес келеді, ал педагогикалық жағынан білім беру және тәрбиелік міндеттер ең тиімді болады. Бүгін мен сіздерді жаңа технологиямен таныстырғым келеді, қызықты интерактивтік папка - Лэпбук. Лэпбук дегеніміз не?

Лэпбук (lapbook) – ағылшын тілінен тура аударғанда (lap-тізе, book-кітап) деген мағынаны білдіреді. Лэпбук – бұл қалташалары, есігі, терезелері бар жинамалы кітапша, жылжымалы бөлшектерден құралған, оған бір тақырыптың материалдары орналастырылады. Бұл бүлдіршіндермен белгілі біртақырыпты бекітуге арналған тамаша тәсіл және кітаптың мазмұнын ұғыну арқылы, зерттеу жұмысын жүргізу, оның барысында бала ізденіс жасайды, ақпаратты сұрыптап және талдайды. Бала өз алдына ыңғайлы түрде орналаса алады және оның барлық мазмұнын бірден көре алады. Қарапайымдылығына қарамастан, бұл тақырып бойынша барлық қажетті материалдар бар.




Лэпбук – салыстырмалы түрде оқудың жаңа тәсілі. Лэпбук - ол интерактивтік әдістеме, оны құрастыру жөнінде келесі әдіс-тәсілдер қолдану болады: салыстырмалы талдау, ізденіс, проблемалық сұрақтар, дидактикалық ойындар, әңгіме, сипаттау, сюжеттік ойындар т.с.с. Оқыту мен тәрбиелеудің оқу процесін үйлестіре отырып, лэпбук технологиясы тәрбиешіге әр баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып білім беру мазмұнын іріктеп, баланың белсенділгімен қызығушылықтарын арттыруға және баланың толыққанды дамуы, ұлттық, тілдік, әлеуметтік мәртебесіне мүмкіндік береді. Мұндай танымдық-шығармашылық процесс барысында бала тек өз кітабын жасаушы ғана емес, сонымен қатар дизайнер, иллюстратор, өз әңгімелерін, жұмбақтарын, өлеңдерін құрастырып авторы болады.




Лэпбук баланың жеке басының мотивациясын және қабілеттерін дамыту үшін қолайлы жағдай жасайды. Тәрбиеші баланың әрекетін ұйымдастыруға, басқаруға және ойнатуға көмектесетін және арасындағы өзара әрекеттесудің бір түрі ретінде қарастыруға болады. Лепбук қызықты, қол жетімді және қымбат ойыншық ойыншықтармен салыстырғанда тәрбиеші үшін өте таптырмас әдістемелік құрал.




Осы технологияның нәтижесінде балалардың дағдылары дамытылады:

- алдағы қызметті жоспарлау мүмкіндігі;
- құрбыларымен келіссөздер жүргізу;
- жауапкершілікті бөлу;
- қажетті ақпаратты іздеу, оны қорыту, жүйелеу;
- туындайтын мәселелер бойынша түсініктемелерге дербес жауап беруге;
- өздерінің біліміне және дағдысына сүйене отырып, өз шешімдерін қабылдау;
- ауызша сөйлеуді қолдану, өз ойларын және тілегін білдіру.

Лепбуктің пайдаланудың артықшылықтары:

- бала қажетті ақпаратты дербес жинайды;
- деректердің үлкен көлемін құрылымдау;
- танымдық дамудағы балалардың қызығушылығын ынталандырады;
- ересектермен сабақтастықты немесе бірлескен қызметті әртараптандыруға;
- шығармашылық және шығармашылық ойлауды дамытады;
- есте сақтаудың оңай жолы;
- адамдарды қызықтырып біріктіреді.

Лэпбукті жасау тәсілі

Тақырып таңдау жас ерекшелігіне қарай - мысалы: Табиғат, жануарлар әлемі, мамандар, ғарышкер, отбасы, менің сүйікті қалам, т.б.

Жоспар құрастыру, әдіс-тәсілдерді таңдаужас ерекшелігіне қарай – мысалы жұмбақтар, мақал-мәтелдер, өлең шумақтар, иллюстрациялық суреттер жұмыс, зерттеу жұмыстары, д/ойындар, қимылды ойындар, үстелүсті ойындар, сөдік жұмыстар, сахналық көрініс, ертегі кейіпкерлер, мультимедиа, музыка, сурет салу, т.б.

Макет сызу

Лэпбукті жасауға қажетті материалдарды таңдау: Қатты картон. Түрлі-түсті қағаздар, қайшы, желім (пва), степлер, скотч, түрлі иллюстрациялық суреттер, шаблондар-әзірлемелер, раскраскалар, қаламдар, табиғи заттар әшекелеуге.

Интерактивтік әдістемесін құрастыруға қойылатын талаптар:

Оқу материалынын нақтылығы.




Іс-әрекеттің әр кезеңіндегі оқып жатқан материалдың бөлімдерінің логикалық өзара байланысы. Өтіп жатқан тақырып бойынша көп ақпарат жинастыру.

Қорыта келе, «Лэпбук» – мектепке дейінгі балалардың танымдық - зерттеу белсенділігін даму түрінің инновациялық формасы. Лэпбук арқылы балалардың ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамуына жақсы әсері тиеді, бір мәселені шешу жолында әр сала бойынша білімдер алады және алған білімдерін қолдана алады.

# «РАЗМНОЖЕНИЕ. РОСТ И РАЗВИТИЕ»

**Саворовская Марина Вячеславовна**
«Школа – лицей №66»
г. Караганда

Задачи: познакомить учащихся с особенностями полового размножения человека, со строением его половых желез и половых клеток; продолжить формирование умений сравнивать, анализировать, обобщать, находить сходство и отличие зародышей позвоночных животных; воспитывать потребности ведении здорового образа жизни и полового воспитания, основываясь на чувствах любви и долга.

Ход урока

**I. Актуализация опорных знаний**

Урок начинается с записи учителем на доске темы и целей урока. На фоне мелодии "Песня Земли" в исполнении М.Джексона демонстрируются слайды с фотографиями представителей четырех царств живой природы, и учитель обращается к классу. "Изучая ботанику и зоологию, вы узнали, что наряду с питанием, дыханием, раздражимостью, ростом и развитием есть еще один признак, который свойствен всем живым организмам. Подумайте, что это за признак? (Учащиеся называют размножение.) В чем заключается сущность этого процесса? Какие формы размножения вам известны?" В ходе беседы на доске заполняется схема:

Размножение

Бесполое Половое

Делением Спорами Вегетативное

Учитель задает классу вопросы: какой способ размножения (половое или бесполое) наиболее распространен в природе как у растений, так у животных? Почему именно половой способ размножения более прогрессивный в органическом мире? Чтобы ответить на последний вопрос, учитель предлагает вспомнить основные черты полового размножения растений и животных.

**Половое размножение цветковых растений**. Учитель на доске, а учащиеся в тетрадях рисуют схему оплодотворения у цветковых растений; проводится фронтальная беседа по вопросам: какие клетки развиваются в семязачатках и пыльцевой трубке? Как называется процесс слияния мужской и женской половых клеток? Что образуется в результате этого процесса? Что такое зигота? Что в дальнейшем происходит с зиготой?

**Размножение и развитие хордовых животных**. Демонстрируется презентация. "Оплодотворение хордовых"; учитель задает вопросы: чьи признаки наследует развивающийся зародыш? Какое значение это имеет в природе? С помощью динамического пособия "Бабочка пяденица на березах" учащиеся формулируют вывод: в процессе естественного отбора сохраняются особи, унаследовавшие от обоих родителей признаки, полезные в данных условиях окружающей среды. На следующем этапе урока рассматривается эволюция полового размножения у позвоночных животных. В ходе фронтальной беседы, работы с таблицами и моделями учащиеся заполняют в тетрадях таблицы 1 и 2:

Таблица 1

**Размножение в органическом мире**

| **Знакомые понятия** | **Новые понятия** |
|---|---|
| Размножение<br>Оплодотворение<br>Зигота<br>Сперматозоид<br>Яйцеклетка<br>Яичники<br>Семенники<br>Зародыш<br>Матка<br>Плацента<br>Беременность<br>Роды<br>Первичные половые признаки<br>Вторичные половые признаки | Эмбрион<br>Эмбриология<br>Маточные трубы<br>Влагалище<br>Мошонка<br>Семявыводящие протоки<br>Гаплоидных набор (n)<br>Диплоидный набор (2n)<br>Половое созревание |

Таблица 2.

**Эволюция размножения и развития позвоночных животных**

| **Класс позвоночных животных** | **Оплодотворение** | **Форма развития зародыша** | **Место развития зародыша** |
|---|---|---|---|
| Рыбы | Наружное | Яйцо | Водная среда |
| Земноводные | Наружное | Яйцо | Водная среда |
| Пресмыкающиеся | Внутреннее | Яйцо | Наземно-воздушная среда |
| Птицы | Внутреннее | Яйцо | Наземно-воздушная среда |
| Млекопитающие | Внутреннее | Яйцо | Организм животного |
| Человек (млекопитающее) | Внутреннее | Яйцо | Организм человека |

По итогам работы формулируется вывод: млекопитающие имеют большие возможности для сохранения и выживания видов в природе, поскольку развитие зародыша происходит в организме, развит инстинкт заботы о потомстве.

**II. Изучение нового материала.** Учитель говорит о том, что смена поколений людей связана с размножением, которое свойственно всему живому, однако в отличие от представителей животного мира люди обладают высокоразвитым сознанием и стараются строить свои семьи на основе взаимной любви и воспитывать своих детей. В половом размножении людей участвуют две особи – мужская и женская, у которых развиваются половые клетки – сперматозоиды и яйцеклетки. С целью изучения строения половых клеток человека проводится работа "Строение половых клеток человека».

**Оборудование:** инструкция о правилах работы с микроскопом, микроскопы, микропрепараты "Сперматозоид человека", "Яйцеклетка человека", "Дробление яйцеклетки".

**Задание**

1. Рассмотрите микропрепарат яйцеклетки человека

под микроскопом, обратите внимание на форму и размеры клетки; зарисуйте ее строение в тетради. Найдите и подпишите на рисунке наружную клеточную мембрану, ворсинки, включения, ядро, прослойку цитоплазмы.

2. Изучите процесс дробления яйцеклетки на соответствующем микропрепарате.

3. Зарисуйте строение сперматозоида, отметьте наружную клеточную мембрану, лизосому, центриоль, хвостовую нить, цитоплазму.

4. Сформулируйте и запишите вывод о соответствии строения половых клеток выполняемым им функциям. После завершения работы организуется фронтальная беседа по вопросам: в чем заключается генетическая сущность процесса оплодотворения? Какую роль он играет для сохранения вида в природе? Почему возможно слияние яйцеклетки только с ядром одного сперматозоида? В чём проявляется взаимосвязь строения гамет и их функций? За счет какой части клетки возникают различия в размерах гамет?

**Задания**

1. Прочитайте текст учебника «Эмбриональное развитие» на с.219, рассмотрите рис.75.

2. Внесите в таблицу «Размножение в органическом мире» новые понятия и термины.

3. Ответьте на следующие вопросы: где у человека образуются половые клетки – гаметы? Как они называются? Как ещё можно назвать половые железы, если учесть, что они выделяют сформированные гаметы наружу? Какую ещё функцию выполняют половые железы, какие вещества выделяют? Какие коррективы нужно внести в отношении классификации данных желез? Какое влияние на организм оказывают половые гормоны? В каком возрасте появляются вторичные половые признаки у человека? Перечислите вторичные половые клетки, характерные для мужского организма; для женского организма. По вопросам, изложенным в задании, проводится фронтальная беседа. Разговор об ответственности человека за рождение детей начинается с обращения учителя к классу. Он говорит о том, что рождение детей для человека - это акт не только биологический. Воспитывать сына или дочь, испытывать любовь к детям и любовь детей к себе, иметь понимающую тебя, родную душу - самого близкого на Земле человека - огромное счастье. Однако оно иногда так и не приходит. Причин для этого много, и часто человек сам бывает виновен в своем несчастье. К сожалению, исправить ошибку природы или результат неправильного образа жизни не всегда удается. Истина, заключающаяся в том, что беду легче предотвратить, чем исправить, верна и в данном случае. Каждый делает свою жизнь сам, и каждый в ответе за собственное счастье. Осознанное или неосознанное желание иметь детей возникает почти у каждого человека, однако взаимоотношения полов человеческом обществе не сводятся к инстинкту продолжения рода, как у животных, а связаны с чувством любви, уважения, желания иметь здоровую - семью определенную форму жизни в человеческом обществе. После подобного рассказа учителя демонстрируется часть видеофильма «Размножение и развитие», в которой показано влияние образа жизни человека и факторов окружающей среды на развитие зародыша. Работа проводится по двум вариантам, и после просмотра видеофильма школьники выполняют задания и заполняют таблицы.

Задание для I варианта: Составьте правила здорового образа жизни, которые должна соблюдать женщина, готовящаяся стать матерью, и внесите их в таблицу

3. Таблица 3.

**Правила здорового образа жизни**

| **Перечень правил** | **Обоснование правил** |
|---|---|
| 1. Соблюдение режима дня<br>2. Полноценное питание<br>3. Запрет на курение и т.д. | |

Задание для II варианта: Перечислите факторы среды, оказывающие отрицательное влияние на развитие зародыша, и внесите их в таблицу

4. Таблица 4.

**Влияние факторов среды на развитие зародыша**

| **Факторы среды** | **Их влияние на зародыш** |
|---|---|
| 1. Абиотические: ультрафиолетовые лучи переохлаждение<br>2. Биотические: Состав продуктов питания<br>3. Социальные: стрессы и т.д. | |

После выполнения учащимися самостоятельной работы на доске вывешивается таблица «Зародыш в матке».

**III. Закрепление изученного материала**

1. Просмотр первой части видеофильма «Размножение и развитие».

2. Беседа по вопросам: где заложена вся наследственная информация о строении и свойствах будущего организма? Сколько хромосом находится в соматических клетках человека? Сколько хромосом содержат гаметы? Сколько хромосом в оплодотворенной зиготе? Какой набор хромосом характерен для соматических клеток; для гамет? Где восстанавливается набор хромосом? Как определяется пол ребенка? В чем заключается преимущество полового способа размножения? С чего начинают развитие все организмы? О чем это свидетельствует? Каковы общие черты строения всех позвоночных на ранних этапах развития?

**IV. Заключение и выводы по уроку**

1. Учащиеся перечисляют новые понятия и термины, с которыми они познакомились на уроке.

2. Называют правила здорового образа жизни.

3. Приводят примеры влияния факт среды на развивающийся эмбрион.

4. Формулируют вывод о единстве происхождения органического мира.

**Урок заканчивается.** Учитель говорит о том, что организм в своем развитии до рождения проходит все этапы эволюции хордовых. За девять месяцев (280 дней) жизни до рождения он проходит исторический путь, которые за миллионы лет преодолел человеческий род, превращаясь из простейшего в то, что мы с гордостью называем человеком разумным. Будет ли родник людских поколений вечным? Не остановится ли светлое течение его вод? Это зависит только от нас, от тех, кто живет сейчас в этом мире – неповторимом и прекрасном. От взрослых, воспитывающих своих детей, и от детей, которые, став взрослыми, будут тоже воспитывать своих детей.

# Слова с буквой Ш ш

**Избасарова Дина Рашидовна**
Педагог-исследователь
КГУ «ОШ №3 г. Аксая» Бурлинского района ЗКО

| | |
|---|---|
| Тема раздела | Кто такие шалуны? |
| Цели обучения из долгосрочного плана | учиться читать слова с буквой Ш ш; читать вслух предложения; составлять короткие тексты (на основе прочитанного текста (по иллюстрациям); писать элементы заглавной буквы и их соединений, слоги, слова, предложения. |
| Цели урока | Все будут учиться читать слова с буквой Ш ш; читать вслух предложения; составлять короткие тексты (на основе прочитанного текста (по иллюстрациям); писать элементы заглавной буквы и их соединений, слоги, слова, предложения. Большинство смогут называть слова с Ш в разных позициях, смогут писать имена под диктовку. Некоторые смогут произнести чистоговорки чётко, объяснят значение фразеологизма. |

| Этап урока | Действия педагога | Действия ученика | Методы оценивания | Ресурсы |
|---|---|---|---|---|
| Начало ур. | Позитивный настрой.<br>- Если хочешь много знать, многого добиться, значит, грамотно писать должен научиться! | Хором повторяют слова. | хлопки | музыка |
| | Актуализация знаний. Читаем тексты по карточкам.<br>Учим наизусть.<br>Тра-та-та (2 р), на дороге три кота. Увидали мышку – побросали книжки. Мышку не поймали – в школу опоздали! | Читают текст.<br><br>Повторяют стихотворение. | КО: читает слова.<br>Дескрипторы<br>1. Верно читает.<br>2. Читает бегло.<br><br>хлопки | карточки с текстом |
| | Целеполагание.<br>- Повторите чистоговорки.<br>- Поставьте перед собой цель на урок. | Самостоятельно формулируют цель урока.<br>Цель: познакомиться с буквой Ш. | 3 хлопка | Ши-ши-ши-ши-зашумели камыши.<br>Ша-ша-ша-ша-всё прекрасно-тамаша!<br>Цель пишется на доске. |
| Середина урока | Работа над новым материалом.<br>Шура сено ворошила, вилы в сене позабыла.<br>Читаем слоги, слова, предложения.<br>Мыши шуршат.<br>Маша ушла от мамы. Шумно шуршат мышата.<br>Развиваем речь.<br>Шило на мыло.<br>Учим наизусть.<br>Белка с ветки в свой домишко<br>Перетаскивала шишку, Белка шишку уронила,<br>Прямо в Мишку угодила.<br>Застонал, заохал Мишка - На носу вскочила шишка. | Повторяют характеристики звука Ш.<br><br>Читают слова, слоги, предложения.<br><br>Объясняют фразеологизм.<br><br>Заучивают стихотворение. | Взаимопроверка<br><br>Светофор<br><br>Хлопки<br><br>хлопки | Учебник<br>Словарная работа картинки<br><br>Карточки<br><br>Слайды |
| | Работа над новым материалом.<br>- Прочитайте слова, подберите схемы.<br>- Прочитайте предложения с картинками.<br>- Прочитайте текст.<br>- Составьте предложения по картинкам. | Читают слоги, слова, текст, придумывают варианты предложений.<br><br>Продолжают текст по картинкам. | Словесная похвала | Слайды<br><br>Доска<br><br>учебник |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Физминутка пальчиковая.<br>Рыбка в озере живёт. Рыбка в озере плывёт.<br>Хвостиком ударит вдруг, и услышим мы – плюх, плюх! | Повторяют слова и движения. | хлопки | музыка |
| | Работа в прописи.<br>Письмо элементов букв (в воздухе, на магнитной доске).<br>Письмо буквы.<br>Звуковой анализ.<br>Диктант (слуховой)<br>Саша, Шура, Маша, Наташа. | Повторяют правила письма.<br>Учатся писать элемент буквы.<br>Пишет букву и её соединения.<br>Пишут под диктовку слова. | КО: пишет букву<br>Дескрипторы:<br>1. Верно пишет элементы.<br>2. Верно пишет букву.<br>3. Верно пишет соединения. | Тетради<br>Доска |
| Конец урока | Итог.<br>- Чему научились на уроке?<br>Рефлексия.<br>- Достигли ли мы цели урока? | Рефлексируют по материалу урока | Дорожка успеха.<br> | карточки |

# Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Облыстық балет мектебі» КМҚК-ның 2022-2023 оқу жылына арналған жаздық алаңның есебі

**Муслиманова Анар Амангельдыевна**
Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Облыстық балет мектебі» КМҚК-ның директорының міндетін атқарушы, тәрбие ісінің меңгерушісі, филология магистрі
Абай облысы.





Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Облыстық балет мектебі» КМҚК-ның 2023 жылғы жаздық алаңы есеп беру концертінен басталды. Яғни мектеп жылдың соңында өздерінің есеп беру концертімен аяқтайды. Ол концерт Абай театрында 24 мамырда өтті. Әрине бұл концерттің толық нұсқасы видеосы барлығы сақталған, фотолары жинақталған. Мектеп қорында және ютуб каналында: https://www.youtube.com/watch?v=HuZ4ZK25MNQ&t=1s .

Ал 29 мамыр күні барлық ұжыммен қосылып мектептің ашық есік салтанатын өткіздік. Бұл ашық есік салтанатында мектептерден оқушыларға шақыртулар жіберілді, арнайы афиша дайындалып барлық мектептерге таратылды. Соның арқасында мектептерді 29 мамыр күні сағат 10-00 де балет мектебінің үлкен залында жинадық. Бұл мерекелік шараға жетекшілік ретінде Сагиева Жанар Есенгалиевнаның оқушылары өздерінің өнерлерін көрсетіп балаларға паш етті. Ал мен Муслиманова Анар Амангельдыевна, мектеп директорының міндетін атқарушы балаларға өзімнің алғысымды білдіріп, болашақта осындай дарынды балалар болса жақсы нәтижелер көрсетсе, алғыс хаттармен медальдармен марапатталатынын көрсетіп, балаларға құрмет көрсеттім. Және келген барлық қонақ балаларға арнайы концерттік номерлерімізді паш еттік. Осындай ұйымдартыру шараларына арнайы үлестірмелі парақшалар таратылды.

1 маусым күні балаларға арналған мерекелік шара Семей қаласының білім бөлімінің басқаруымен Ертіс өзенінің жағалауында өтті. Бұл мерекелік шараға барлық қосымша білім бөлімдері ат салысты. Әр білім ордасынан 30-40 концерттік номерлер көрсетілді. Ол көрсетілген барлық номерлер халықтың көңілінен шығып, барша Семей қонақтарын қуантты. Біздің Облыстық балет мектебінің номерлері классикалық және халықтық би үлгілерімен тамсандырды. Барша балаларды мектептің аяқталуымен және бүгінгі төл мерекелерімен құттықтаймыз. Балаларымыздың болашағы жарқын болсын.



30 мамыр күні, яғни бүгінгі медицина қызметкерлері мерекесін ұлықтау аясында «Үздік провизор» номинациясы бойынша үздіктер анықталатын «Медицина үздігі-2023» байқауына байланысты Облыстық балет мектебінің 5,6 сынып оқушылары өз өнерлерін көрсетті. Қазақ вальсі "Қуаныш" биін Рыстыгайша Сагимбаевнаның жетекшілігімен орындап, қонақтарға ерекше көңіл сыйлады. https://www.instagram.com/p/Cs6HNSqtAEw/



2023 жылдың 30 мамыр айында Шәкерім университетінің 100 үздік студентін марапаттау кеші өтті. Арнайы шақырумен барған Облыстық балет мектебінің оқушылары Рыстыгайша Сагимбаевнаның жетекшілігімен қазақ вальсі "Қуаныш" биін орындап берді. Келген қонақтардың қошаметіне бөленді. Толық мәлімет: https://www.instagram.com/p/Cs8DoqBtiHE/









**Облыстық балет мектебінің «Тәуелсіз еліміздің рәміздері» атты мерекелік шара барысында атқарылған жұмыс. Жалпы мақсаты: Білімділігі:** Балаларға ҚР-ның рәміздерімен таныстыру елтаңба, ту, әнұран туралы түсінік қалыптастыру. Туған ел, Отан туралы білімдерін кеңейту. **Дамытушылығы:** Сөздік қорларын молайту, байланыстырып сөйлеуге үйрету берілген сұрақтарға жауап беруге үйрету. **Тәрбиелігі:** Отан сүйгіштікке баулу, елін, жерін құрметтеуге тәрбиелеу. **Әдіс-тәсілі:** Әнұран тыңдау, шаттық шеңбер, түсіндіру, көрсету, тақпақтар айту, сергіту сәті.



Рәміздеріміздің құрметіне байланысты, Білім бөлімінің және аудан қала әкімшілігімен ұйымдастырылған іс-шаралар да өтті. Біздің балет мектебінің ұжымнан да белсенді қызметкерлеріміз өздерінің ұлттық рухтарын көрсетіп, ат салысты.



2023 жылы 07 маусымда "Балалар Әлемі" қоғамдық орталығы Облыстық балет мектебімен бірлесе жылдық ашық сабағын өткізді. Балалар өздерінің өнерлерін көрсетіп, өлең айтып, би биледі. Әрине, ол жетістік жетекшілері Анна Сергеевна мен Елена Эдуардовнаның арқасы, қажырлы еңбегінің нәтижесі. Құттықтау сөз қоғамдық орталықтың басшысы, балет мектебінің негізін қалаушы Исмаилова Камилия Рашитовнаға берілді. Өзінің жүрек жарды құттықтауын жеткізді. Барлығы сәтті аяқталды. Қосымша нәтижесін Видеоссылкасынан көруге де болады: https://www.instagram.com/p/CtOaCXCtAR5/





Қазақ көйлектерін насихаттаудағы басты құндылық оларды балаларға үлгі ретінде киіндіріп, табиғат аясында көрсетіп, фотосуреттерге түсу. Себебі қазақ халқының әдемі үлгілерінің арқасында би өнеріне сән беріп, мән мағанасын толықтырады. Яғни, негізгі мақсатымыз киім үлгісі мен қыймыл үйлесімін бір-бірімен тікелей тығыз байланыстыру. Біз сол мақсатты қолға ала отырып, Рыстығайша Сағымбайқызымен бірлесе отырып, оқушыларымызды табиғат аясында фото түсірілімге шақырдық.





Облыстық балет мектебінің оқушылары сан түрлі қырларымен баршамызды таң қалдыруда, себебі әр ұлттың би өнерін флешмоб арқылы насихаттап, би арқылы көрсетіп, насихаттады. толық мәліметті осы ссылка арқылы көруге болады: https://www.instagram.com/p/Cs204wwLJIo/

9 маусым күні Невзоровтар жанұясы атты музейде «А дальше жизнь…» атты қатерлі ісіктерді дестигматизациялауды қолдауға арналған көрме өтті. Көрменің ашылуы, әр түрлі залдарда концерттік қойылымдармен және ресми қонақтардың салтанатты құттықтауларымен, сондай-ақ маңызды оқиға және көрме идеясының үйлесімді жалғасы болды. Бұл жоба туралы «Seniminmen» қорының құрылтайшысы Динара Құсайынова, Қор үйлестірушісі Мәжитов Ермек, Абай облысының ядролық медицина және онкология орталығының директоры Белихина Татьяна өз ойларымен бөлісті. ҚР Еңбек сіңірген өнер қайраткері, Әміре Қашаубаев атындағы Мемлекеттік филармонияның солисі Мапруза Утуленованың, Абай облысы әкімінің эстрадалық-симфониялық оркестрінің квартетінің, қалалық филармонияның қазақ халық аспаптар ансамблінің және **Облыстық балет мектебінің сүйкімді оқушылары** әдемі би қойылымдарымен көрменің атмосферасын толықтырып, оған нағыз өмір мерекесінің көңіл-күйін сыйлады.








«Әр қимылдың – астары бар» атты балалармен жеке-жеке жұмыс. Әр балаға би қимылдарының ерекшеліктерін түсіндіру, өлең айтуды үйрету, әртістік қабілеттерін жеттілдіру:



«Ата-ана әр баланың қорғаны» атты жанұялық сурет сайысын өткіздік. Әр суретті оқушыларымыз шынайы көңілдерімен, шынайы қабілеттерімен салғанын байқадық. Сол себептенде әр оқушыға мектеп атынан бояуға арналған суреттер жинағын сыйладық. Балалардың қуанышы екі езуіне болды. Бұл да біздің Облыстық балет мектебіміздің жаз мезгілінде атқарған белсенді жұмыстарымыздың бірі.





Абай елінің ұрпақтары – тек қана АЛҒА!!!

Балалар кесте бойынша өздерінің әдеміліктерін сақтап, физикалық тұрғыда қалпын ұстау мақсатында күнделікті би қыймылдарын орындады, көрнекіліктермен тікелей жұмыстар атқарды. Жаз мезгілінде атқарған еңбектерінің арқасында келесі оқу жылына белсенді екенін дәлелдеді.



«Абай облысы – халық мақтанышы» атты мерекелік іс-шара өткіздік.

Еліміздің мақтанышы болған, ұлы ғұлама, ақын Абай Құнанбаевтың шығармашылығына тереңірек үңілу; ақынның шығармашылығымен оқушыларды таныстыра отырып, оқу қабілеттерін арттыру. Абай облысын ұлықтау және құттықтау.





«Табиғат аясындағы - балапандар» атты фотосессия жұмыстарын орындадық. Себебі жаз кезінде біздің табиғатымыз өте әдемі және көркем. Негізгі мақсатымыз кішкене сәбилеріміздің денсаулықтарын көтеру, табиғат аясындағы ғажайыпты сезіну.







**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:**
**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:**

**Хасанова Светлана**
**Қайыров Дастан**
**Смайлова Ажар**
**Көшербаева Айсұлу**
**Ахметов Жандос**
**Аминова Гүлшат**

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Басылымның www.ustazdar-alemi.kz сайтына мақала жариялау тегін, мақала санына шектеу қойылмайды.
Мақалаңыздың жарияланғаны жайлы сертификат беру ақылы.
Бағасы – 2000 тң.
Журналдың баспа нұсқасына бір жылға, жарты жылға жазылған оқырмандар үшін мақала беру тегін.
Ал жазылмай мақала берем деушілерге
мақала құны – 4500 тң.
Журналдың PDF нұсқасы сіз көрсеткен e-mail
поштаңызға жіберіледі.

*Құрметті ұстаз, жіберетін мақалаңыздың журналдың талаптарына сай болуына (грамматикалық, стилистикалық және т.б. дұрыс жазылуына) аса зор мән беруіңізді сұраймыз!*

**«ASPAN» ЖК**
**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ**
**ДСК KZ436017131000058671**
**БСК HSBKKZKX**
**ЖСН 790506401434**
**БЕК 19**

**Төлем мақсаты: мақала төлемі.**
**«Халық Банкі» АҚ төлем картасы**
**ДСК 5354 5100 7877 5037**
**ЖСН 790506401434**

**Мақалаларға қойылатын талаптар және журналда басып шығару шарттары**
**Жалпы талаптар:**

- тақырып өзекті болуы тиіс
- атауы анық және нақты болуы тиіс
- мақала мазмұны журнал тақырыбына сәйкес келуі тиіс
- мақала мазмұны практикалық сипатқа ие болуы тиіс
- мақаланы қосарланған авторлықпен шығаруға болады
- мақала қазақ немесе орыс тілінде жазылса болады

**Мақала көлемі:**
**2–4 бет** (суреттерді, фотосуреттерді, кестелерді қоса алғанда).

**Авторлар туралы мәліметтер:**
Тегі, аты, әкесінің аты (толық), автордың (авторлардың) jpeg форматтық, жоғары сапалы 2 фотосуреті (300 dpi); ғылыми дәрежесі (бар болған жағдайда), лауазымдары, жұмыс орны; байланыс телефоны және e-mail.

**Мынадай техникалық талаптарға сәйкес ресімделген мақалалар басылымға қабылданады:**
1. Мақала Microsoft Word бағдарламасында терілуі тиіс
2. Негізгі мәтін қарпі Times New Roman
3. Негізгі мәтін қарпінің мөлшері 12 пт
4. Жол аралық интервалы бір
5. Мәтіннің теңшелуі ені бойынша
6. Мәтін бойынша суреттер мен кестелер, қысқаша атауымен немесе сипаттамасымен

«Мектеп ұстаздарының әлемі» педагогикалық журналының редакциясы өз қалауынша мақалаларды түзету және көлемін қысқарту құқығына ие. Мақалалардың қабылданбау себебін редакция түсіндірмейді. Редакция мақалаларды журнал мен оның айдарларының тақырыптарына сәйкес өзі анықтайды.

**Требования к статьям и условия публикации в журнале**
**Общие требования:**

- тема должна быть актуальной
- заголовок ясный и конкретный
- содержание статьи должно соответствовать тематике журнала
- содержание статьи должно носить практический характер
- статья может быть написана в соавторстве
- статья может быть написана на казахском /русском/ языке

**Объем статьи:**
**2–4 страниц** (включая рисунки, фотографии, таблицы).

**Сведения об авторах:**
Фамилия, имя, отчество (полностью), 2 фотографии автора (-ов) в формате jpeg отличного качества (300 dpi); указание ученой степени (если есть), должности, места работы; контактный телефон и e-mail.

**К публикации принимаются статьи, оформленные в соответствии с техническими требованиями:**
1. Текст статьи набирается в программе Microsoft Word
2. Шрифт основного текста Times New Roman
3. Размер шрифта основного текста 12 пт
4. Межстрочный интервал одинарный
5. Выравнивание текста по ширине
6. Рисунки и таблицы по тексту, с кратким названием или описанием

Редакция информационно-методического журнала «Мектеп ұстаздарының әлемі» оставляет за собой право корректировки и сокращения объема статей по своему усмотрению. Статьи могут быть отклонены без объяснения причин. Редакция вправе самостоятельно решать вопрос соответствия статей тематике журнала и его рубрик.

«Үйлесім»
психология
орталығы ұсынады




Қазіргі уақытта көркем-бейнелік образдар арқылы өзін көрсету, сол арқылы жан-дүниесінің айнасын жұртқа паш ету заманы десек болады. Соның бір дәлелі суретке түсу де, түсіру де өте сәнге айналды. Замани әлеуметтік желілер де бұған өз үлестерін қосып келеді. Алайда, суретке түсу мен түсірудің көркемдік әсерімен қоса, психологиялық факторы да мол. Психологиядағы психотерапиялық бағыттың бірі арт-терапияның фототерапия бөлімі сол туралы.

Бұл оқыту курсында фотографияны емдік, түзетуші, дамытушы құрал ретінде қолданудың түрлі формалары мен нұсқалары қарастырылады. Фотосуретті психологиялық денсаулықты сақтаудың тиімді технологиясы ретінде практикалық психологтар, педагогтар, әлеуметтік қызметкерлер, суретшілер мен кәсіби фотографтар қолдана алады.

Түрлі қажеттіліктер мен даму деңгейіне қарай 3-4 жастан бастап ересектерге дейін қолдануға болатын қолжетімділігі де фототерапиялық сабақтардың тиімділігін арттырады. Фотосурет өзін танудың, әлеуметтенудің, эмоциялық тәрбиелеудің құралы ретінде түрлі адамдардың психикалық және физикалық денсаулығына зор пайда әкеледі.

Тренинг мазмұны:

Фотография емдік, түзету, денсаулық сақтаушы, дамытушы құрал ретінде:
- Фототерапияның анықтамасы. Фотосуреттің кейбір психологиялық функциялары
- Фототерапияның басқа өнер түрлерімен байланысы
- Фотосуреттің психологиялық қызметі

Өнер психотерапиясы мен арт-терапиядағы фотосурет:
- Өнер психотерапиясы мен арт-терапияның жалпы сипаттамасы
- Фотосурет бейнелеу өнері мен арт-терапияның құралы ретінде
- Топтық арт-терапия тұрғысынан фотосуретті емдік, түзету, дамыту құралы ретінде қолдану негізі
- Психотерапия мен тренингте фотосуреттерді қолданудың түрлі нұсқалары мен мақсаттары

Фотография негізіндегі техникалар, ойындар, жаттығулар:
- Өзіңді қабылдау
- Жұппен жұмыс жасауға арналған техникалар, ойындар, жаттығулар
- Ұжыммен жұмыс жасауға арналған техникалар мен жаттығулар

Тренер:
- Қайырова Ж.А. – "Үйлесім" тренинг орталығының директоры, әлеуметтік ғылымдар магистрі, психолог, арт-терапевт, денеге бағдарланған психотерапия маманы

Өтетін қалалар:
- Астана, Алматы, Шымкент, Қарағанды, Ақтау, Атырау, Ақтөбе, Қызылорда.

Сертификаттау: Арт-терапиялық оқытуы курсының "Фототерапия" модулін оқығаны жайлы (24 сағат) сертификат беріледі.

https://uilesim.kz сайтына кіріп, алдын ала сатып алу мүмкіндігі бар. "Мектеп ұстаздарының әлемі" журналының оқырмандарына қатысуға 10% жеңілдік беріледі.

Сайт: https://uilesim.kz Instagram: @uilesim_psycenter Facebook: @uilesimpsycenter

Хабарласыңыз: 8 777 1461414 Хат жазыңыз: uilesim@gmail.com

**Қатысу үшін алдын ала жазылыңыз!**